



**АБАЙ ӘНДЕРІ
МӘҢГІЛІК МҰРА**

6 - бетте



**Қашықтан
оқыту**

9 - бетте

**Жаңалықтарды
оқыңыз**
www.asu.edu.kz
Читайте новости



Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№2 (97)
СӘУІР 2020 ЖЫЛ



ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ТАРИХЫ МОЛ БАСЫЛЫМ

2000 жылдың сәуір айында алғашқы басылымы шыққан «Университет» газетіне биыл жиырма жыл толды. Жағымды жаңалықтар мен университет тынысын уақытында оқырмандарына жеткізіп отырған басылымның әрбір шығарылымында жаңашыл идеялар мен маңызды жобаларды топтастыру басты мақсат саналды.

«Ақпаратты білген әлемді билейді» демекші, уақытылы университетіміздің ішкі әлемі мен сыртқы байланыстарын үзбей жариялауға бағытталған бұл басылым көптеген пайдалы ақпарат көзіне айналды. Газеттің сандарында қайталанбайтын айдар алаңында біртуар ұлы тұлғалардың мерейтойлары, шығармашылығы жазылып, көненің көзін ұлықтаған, ізін жалғастырушы жас қаламгерлердің туындылары жарияланып тұрды. Сонымен қатар, өнегелі оқу ордасының

дамуында өз қолтаңбасын қалдырып кеткен ғалым, профессор ұстаздардың да шежіреге толы еңбек жолдары да жарық көрді.

Әсіресе, әлем жаңалықтары мен еліміздің ішкі ақпарат көздерінен де шет қалмай, ел экономикасы мен әлеуетіне тигізер ықпалын газетте жарияланған мақалаларда ашып көрсете білдік.

Алайда университетімізді биікке жетелер потенциалды күш – ол жан-жақты білім алған студенттер. Осы орайда, облыстық,

республикалық, халықаралық деңгейде ғылым, білім, спорт, мәдениет, әдебиет, өнер саласында өздерінің жетістіктерімен қуантып жүрген студенттердің жеңістерін паш ету – үлкен абыройлы іс. Олардың болашаққа бастаған нық қадамдары – білім ордасындағы ұстаздар еңбегінің айқын көрінісі. Ал, бұл бағалануға әбден лайықты дүние.

Игілікке толы оқу ордасының әлеуетін түгелдей қамтып, оқырмандарына үлгі боларлықтай ой тудыруды көздеген «Университет» газетінің жиырма жылдағы шыққан әр шығарылымы талай жетістікті бағындыруына негіз болды.

Алға қарай да университет ұжымының тың ізденістерінің жаршысы болған «Университет» газеттің ғұмыры ұзақ, шығары асуы биік болсын!

Құттықтау!

**Құрметті
Саламат Нұрмұханұлы!**

Сізді және сіз арқылы барша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымын төл газеттеріңіздің шыға бастағанына 20 жыл толу мерекесімен қызу құттықтаймын!

Баспасөз қашанда – қоғам айнасы, тарих шежірешісі. Бүгінде осы міндет тұрғысынан келгенде кезінде белгілі қоғам қайраткері, профессор А.С. Иманғалиевтың бастамасымен дүниеге келген «Университет» газеті оқырмандардың сүйікті басылымына айналып отыр. Жарыққа шыққан газеттің әр саны аймақтағы ең үлкен жоғарғы білім ұясы атанған университеттің жас ұрпаққа заман талабына сай білікті де білімді маман дайындаудағы оқытушы-профессорлардың абыройлы еңбегін, студенттер өмірінің тыныс-тіршілігін баяндап келеді. Аталмыш басылымның жоғары сапалы, әрі мазмұны көркем болуына оқытушы-профессорлар Х.Б. Табылдиев, Қ.Ө. Жүсіп, А.Т. Садықова, Т.Жауыров, Т.Жаңабай, А.Б. Қаржаубаев, А.Қ. Қыдырбаева, А.Қ. Ахмет, А.Р. Сабыров, С.И. Камелова, Г.Қайырғалиева, Л.Қ. Мажитовалардың зор үлес қосқаны баршаға аян.

Биылғы жылы 70 жылдық торқалы тойын атап өткелі отырған университеттің беделін биікке шығаруда және жүздеген оқырмандардың асыға күтер басылымына айналуына редакция алқасы өз үлестерін қосады деген сенім мол. Сол игілікті жолда барша ұстаздарға шығармашылық табыс, отбастарына амандық, зор денсаулық тілеймін!

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

**Құрметті
Саламат Нұрмұханұлы!**

Сізді және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымын төл газеттеріңіздің шыққанына 20 жыл толуымен құттықтаймын!

Осынау жылдар ішінде «Университет» газеті жоғары оқу орнының бірегейі саналатын білім ордасының күнделікті тыныс-тіршілігін басылым бетінде тұрақты жариялауда айтарлықтай роль атқарды. Газет беттерінде әр түрлі айдарлар ашылып, әр жылдардағы оқытушы-профессорлардың ғылыми мақалалары, студенттерге білім берудегі айтылған тың ойлар, студенттердің жазған жаңа туындылары жарық көрді.

Бұл 20 жыл ішіндегі университет тарихының жарқын көріністерін айқындап көрсетуде басылымда қызмет еткен журналистер өзіндік ізденістерімен газеттің күнделікті сапалы шығуына да үлес қосып, айтарлықтай жұмыс атқарды. Биылғы жыл бұл оқу орны үшін ерекше жыл болмақ. Өйткені, университеттің алғаш құрылғанына 70 жыл толғалы отыр. Осыншама уақыт аралығында сан мыңдаған шәкірт білім ордасынан жоғары білім алып, еліміздің өркендеуіне айтарлықтай үлестерін қосты. Соның барлығы университеттегі оқытушы-профессорлардың өлшеусіз еңбектері. Демек, бұл «Университет» газеті де осы бағытта үлкен жұмыстарды қолға алып, тұщымды материалдарды өз оқырамыдарына уақытылы жеткізуге үлес қосты.

Алға қарай да «Университет» газеті ұжымының жаңа айдарларға толы жаңа туындыларды жарыққа шығарып, шығармашылық ізденістерін шындай беруіне тілектесмін.

Қуандық БАТЫРОВ,

Республикалық «Сахара» газетінің бас редакторы

**Құрметті
Саламат Нұрмұханұлы!**

Барша ұжымдағы оқытушы-профессорлар және «Университет» газетінің ұжымы.

Шыққанына 20 жыл толған басылымның мерейлі мерекесі құтты болсын.

Газет өмірдің айнасы. Бұл бағытта басылым көптеген материалдарды жарыққа шығарып, осы жылдар аралығында университеттің өзіндік тарихын жасауға үлес қосты. Газет алғаш шыққан күннен бастап жаңа туындылар оқырмандарына жол тартып, газет бетшесі ізденістің қайнар көзіне айналған жаңа авторлармен толықты. Адамға ойлау қиын, жазу оданда қиын. Осы жолда университет ұжымы тұщымды материалдар жазып, оны өздерінің төл газеттеріне жариялауға өзіндік үлестерін қосты. Ғылым жолына жетелеуде әрбір жасты тек біліммен ғана сусындатып қоймай, өздерінің ғылыми еңбектерін жазып, оны газет беттерінде жариялап, жастарды бұл бағытта жан-жақты ізденуге шақырды. Міне, газеттің оқырмандар үшін ғана емес білім алып жатқан жастар үшін де алар орны ерекше. Айтудылы мерекеледе баршаңызға творчестволық ізденіс, үлкен жетістіктер тілеймін.

Болат БАТЫР,

«Болат-Медиа» мекемесінің директоры,
«Үш қоңыр» газетінің бас редакторы**«Университет» газеті – даму
сатыларының шежіресі**

Биылғы жылы Атырау өңіріндегі білім мен ғылым ордасы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне 70 жыл толғалы отыр. Осы орайда оқу орнының тыныс-тіршілігінің жаршысы болып табылатын «Университет» газетінің тарихына шолу жасағанды жөн көрдім. Өйткені университет мерейтойымен бірге «Университет» газетінің де жарыққа шыға бастағанына ағымдағы жылдың сәуір айында 20 жыл толып отыр.

Оқу орнының өзінің жеке газетін шығару туралы алғашқы жұмыстар 1999–2000 оқу жылы қолға алынған болатын. Сол кездегі университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің басшылығымен оқу орнындағы жаңаша бастамалар қатарында оқу орнының өз газетін шығару міндеті алға қойылды. 2020 жылдың сәуір айында газеттің алғашқы саны жарыққа шықты. Осы жиырма жылдың ішінде газеттің 100 жуық саны жарыққа шықса, оларға шолу жасай отырып оқу орнының даму тарихына көргендей боламыз.

Жалпы университет газеті алғаш филология факультеті ұстаздарының шығармашылық тобы арқасында 2000 жылғы ақпан айында бірінші саны университет баспасында 4 беттен тұратын шағын форматта басылып шықты. Редколлегия құрамында сол кездегі факультеттің оқытушылары Абай Отаралы, Ольга Думанаева, Рүстем Каримов болған еді. Атырау университеті тарихындағы алғашқы басылымның бірінші санында университет ректоры Асхат Иманғалиевпен «На едине со всеми» атты сұқбаты, тарих ғылымдарының кандидаты университет музейінің негізін салушы Жиенбай Бақидың «Атырау білім ордасы: университеттің қалыптасуы мен даму бағыттары» атты мақаласы, универсиеттің ғылыми жұмыстары жөніндегі проректор Ғизатолла Имашевпен «Ғылым» айдарындағы сұқбаты, «Шабыт» айдарында филология факультеті студенттері Бақытгүл Бабашеваны, Эльмира Шолтырованың, Ирина Шаратованың өлеңдері берілген еді. Тағы бір айта кетерлігі, осы номерде оқу ісі жөніндегі проректор лауазымына Нұрышев Ғалымжан Жұмабайұлының, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор лауазымына Имашев Ғизатолла Имашұлының, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша Блохин Анатолий Владимировичтің тағайындалғандығы жайында хабарлама бар. Сондай-ақ ректордың 2000 жылғы 11 қаңтардағы №7 бұйрығымен «Салауатты өмір салтын насихаттау, оқу-тәрбие процесін қалыптастыруға қою және ұзақ мерзімді Қазақстан-2030 президенттік бағдаламаны жүзеге асыру мақсатында» оқу орны мен жатақханаларда шылым шегуге тиым салынып, тазалық және тәртіпті сақтау үшін барлық аудиторояларды факультеттерге бекітіп берілгендігін көреміз.

Ал ғылым проректоры өз сұқбатында «Кафедраларда жоспарланған ғылыми жұмыстар бәрінде бірдей орындала бермейді. Фундаменталды ғылымдар саласында зерттеулер жүргізу ойдағыдай емес. Жазылған, дайын оқу құралдарын, әдістемелік нұсқауларды шығаруда қиындықтар бар. Ғылыми атақтар мен дәрежелер алуда оқытушылар баяу жұмыстануда, ғылыми жұмыспен айналысатын студенттер саны жыл сайын

азайып келеді. Аспиранттардың ғылыми жетекшілерімен байланысы аз», – деп әлі күнге дейінгі өзекті болып табылатын күрделі мәселелерге назар аударады.

Бір атап өтерлігі, 2000 жылы университет көлемінде «Сұлтан Бейбарыстың туғанына 775», «Мәдениетті қолдау жылы», «Атырау университетіне – 50 жыл», «Көне астана – Сарайшық» атты ғылыми конференцияларды өткізу жоспарланғанын да көреміз.

«Университет» газетінің ресми шыға бастаған уақыты саналатын газеттің осы жылғы сәуір айындағы саны негізінен оқу орнының даңқты түлегі, дарынды ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынованың шығармашылық жолына 40 жыл толуына арналады. Ақынның курстасы, профессор Қадыр Жүсіптің «Қазақтың Фаризасы» мақаласы, «Өлең, мен сені аялап өтем» атты бас мақала және филология факультетінің студенттері Тұрсынгул Идрисова, Бақытгүл Бабашева, Айнұр Шахманова, Эльмира Шолтырова, Настя Ижерская өлеңдері жарияланған.

Университет газетінің кезекті сандарын парақтай отырып, сол кездегі оқу орнының даму белестерін көреміз. Атап айтқанда, элитарлық мектептің жұмысы, барлық тілек білдірушілерге арналған компьютерлік сауаттылық курстары, студенттерге арналған интернет-кафе, халықаралық делегациялар, «Арман-тау» жас ақындар клубының тұсаукесері сияқты тың бастамалардың алғашқы тарихын көре аламыз.

Университеттік газеттің редакциялық ұжымы газетті сол кездегі заманауи ағыммен сабақтастықта дамытуға үлес қосты. «Университет» газетінің дамуында газет редакторлары болған атақты журналист Теңдік Жауырұлы, филология факультетінде еңбек етіп, өмірден ерте өткен әріптесіміз Рүстем Каримов, белгілі журналист Төлеген Жаңабайұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, танымал журналист Қылышпай Сүндетұлы, филология ғылымдарының кандидаты Айсұлу Садықова, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Айдар Сабыров, тарих ғылымдарының кандидаты Гулфайруз Қайырғалиева, филология ғылымдарының кандидаты Маншук Мукашева өз қолтаңбаларын қалдырды.

Қазіргі таңда Атырау университетінің шежіресіне айналған басылым өзінің 20 жылдық белесіне аяқ басты. Осы жылдарда университеттік газеті бүгінде аты елімізге танымал болған көптеген қаламгерлердің алғашқы шығармашылық қадамдарына жол ашты.

Гулфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті

профессоры,

«Университет» газетінің

2015–2017 жылдардағы редакторы

БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНЕН

Мерзімді баспасөздің негізгі түрі болып табылатын газеттер, саяси-әлеуметтік және мәдени өмірдің, оның ішінде білім беру саласының да жаршысы саналады. «Өмір айнасы» деп аталған басылымның шығарылу мерзімі мен көлемі, таралымына орай бірнеше түрге

зика-математика факультетінің жанынан «Физматовец» атты қабырға газеті тұрақты шыққан. Сол жылы республика жоғарғы оқу орындары арасында өткен қабырға газеттерінің сайысына қатысып, жүлделі екінші орынды жеңіп алады. Бұл туралы тілші былай деп жазады:



бөлінеді. Солардың арасында баспасөздің төменгі буыны деп аталған оқу орындары, мектеп жанынан жарық көрген қабырға газеттері бар. ВКП(б) Орталық Комитетінің 1924 жылдың 1 желтоқсанында «Қабырға газеттері туралы» қабылдаған қаулысына орай, оның рөлі, мазмұнының қандай болуы керектігі және оған басшылық ету жөнінде нұсқаулар берілді. Сөйтіп қабырға газеттері өндіріс, мекеме қоғамдық ұйымдарының үні ретінде қабылданды. Оған орыстың ұлы жазушысы А.М. Горькийдің «халықтың шын мәніндегі трибунасы» деп баға беруі тегін емес еді.

«Әрине, бұл жерде оның сырттай көз тартарлық көрнекті түрде ғана емес, болашақ мұғалімдердің оқу мен өнеріне, мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға септігі де ескеріледі. Жоғарыдағы мына суретті қараңыздаршы. Бұлар – жұлделі қабырға газетінің редколлегия мүшелері. Біздің фотограф олардың Май мерекесіне арнап газет шығарып жатқан кезіне тап келіп, түсіріп алды. Көріп отырғанымыздай, шындығында газет студенттердің белсене қатысуымен шығарылады. Студенттер өз газетін сүйіп оқиды. Өйткені ол бүкіл бір факультет өмірінің айнасы».

Суретте: педагогикалық институттың филология факультетінің «Жас қалам» журналының редакциялық алқасының кезекті нөмірін шығарып отыр. Суретті түсірген С.Югай.

Қандай ма оқу орнында болмасын біліммен бірге әдебиетке құштар, өнерге бейім жастардың көптеп кездесетіні баршаға аян. Гурьев педагогикалық институтында сондай жас әдебиетшілердің басын біріктірген филология факультеті жанынан «Жас қалам» және «Филолог» деп аталатын қабырға газеттері жарық көрген. 1958 жылдан «Жас қалам» әдеби журналға айналады. Екі басылымға да жас шәкірттердің әдеби шығармалары, білім жолындағы табыстары,

қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді қатысы және өнер-спорт жаңалықтары тұрақты басылып тұрған. Сөйтіп олар білім ұясы қоғамдық ұйымдарының сенімді қолқанатына айналды. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1959 жылы 5 мамыр күнгі санында тілші Д.Хасановтың «Жас қалам» атты мақаласы жарияланған. Енді соны оқып көрелік: «Біздегі қабырға газеттері, не журнал болсын, қай қайсысы да деканат пен партия, комсомол ұйымдарына студенттердің оқу үлгерімін арттыруға, олардың арасында саяси тәрбие жұмыстарын жүргізуге көмектесіп отырады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда үстіміздегі жылы студенттердің лекцияға қатысы жақсарып, оқу озаттарының қатары көбейе түсті.

«Жас қалам» атты әдеби

«Ә.Кекілбаев атындағы ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, профессор, ф.ғ.д. Жүсіп Қадір Өтегенұлы туралы бірекі ауыз сөз. Жоғарыдан әңгіме етіп отырған «Университет» газетінің 2000 жылдан жарық көруінде ғалым-ұстаздың да қосқан үлесі зор. Сондай-ақ, ардагер ұстаз әлі күнге дейін үйіне өзіне қажетті бірінші кезектегі газет-журналдарды тұрақты жаздырып алдыратын тамаша өнегелі ісі бар. Ол әдет сонау студенттік кезден қалыптасқан екен. Оның куәсі ретінде облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1958 жылғы 31 қазан N 216 (7181) санына «Студенттер газет, журналдарға жазылуда» атты мақала берілген екен:

«Педагогикалық институт студенттері өздері сүйіп оқитын газет, журналдарға



журналдың шығуын студенттер қауымы қуана қарсы алды. Себебі, біздің филология факультетінде өлең, әңгіме жазып жүрген жас талапкерлер көп-ақ. Оларды қазірдің өзінде, институт қабырғасында баулып, тәрбиелеу басты міндет. Міне, осы тұрғыдан алғанда «Жас қалам» журналының пайдасы кезірдің өзінде көріне бастады. Мысалы журналдың алғашқы санында 18 жас талапкердің ірілі-ұсақты 52 шығармасы енген. Олардың ішінде Фариза Оңғарсынованың, Қадыр Жүсіповтың, Қазданбай Қосжановтың, Күзенбай Әміровтың, Нахимжан Ізтілеуовтың тағы басқаларының көркем де лепті өлең, әңгімелері бар. Кәзірде 20-ға жуық студент әңгіме, өлең жазды. Міне, «Жас қалам» журналы осы студент жастардың творчестволық өсуіне ұйытқы бола береді».

белсенділікпен жазылуда. Бірқатар студенттер бірнеше дана газет, журналдарға жазылды. Мысалы I курс студенті К.Жүсіпов «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттеріне «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Жұлдыз» журналдарына жазылды. Баспасөзге жазылу әлі де жүргізілуде. С.Дәрісқалиев. К.Табылдиев. Ә.Самарғалиев». Қ о р ы т а келгенде, тарихы сонау өткен ғасырдың 50-шы жылдардың орта шенінен бастау алатын 20 жылдық белеске көтерілген «Университет» газеті уақыт үрдісінен қалыс қалмай оқырмандарының сүйікті басылымына айналсын деген тілек білдіремін.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ, тарих ғылымдарының кандидаты

ЖЫЛДАР ЖЫЛНАМАСЫ

Университеттің өркендеп даму жылнамасына назар аударсақ, баспасөз құралдары рөлінің зор болғандығын аңғарамыз. Қазақ жерінің әр аймағында ғұлама-жыраулар бастаған ақындық дәстүр болғаны аян.

Олардың ішінде Махамбет пен Шернияздың ақындық шығармашылығы зерттеле тұрса да, өзгелерінің өмірі мен ақындық шығармалары ғалымдар мен зерттеушілер назарынан тыс қалып келгені белгілі. Оның басты себептерінің бірі ақын-жыраулар мұрасының жиналмай, халық көкірегінде ғана сақталып келгендігінде еді. Бұл олқылықтардың орнын толтыруда сол жылдары Гурьев педагогикалық институтының аға оқытушысы Қабиболла Сыздықовтың еңбегі өлшеусіз. Оның дәлелі облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің 1967 жылдың 24 қаңтар күнгі санында «Әдебиет қазынасына қосылған үлес» атты мақалада: «Өткен жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің ғылыми советінде «Қазақ жырларындағы халықтық дәстүр» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған Қабиболла Сыздықовтың ғылыми еңбегі сәтті қадам болды. Әдебиетші Қабиболла Сыздықов 1960-1966 жылдары Атырау елінің ақын-жазушылар мұрасын жинау ісімен айналысты. Ол Жайық бойы, Жем және Маңқыстау алқабын тұтас аралап, ақын-жазушылар мен көненің көзі, кәріқұлақ шежірелерден бұрын-соңды хатқа түспеген әдеби мұраларды жазып алып, оны жүйеге келтіріп, архив қазынасындағы деректер арқылы салыстыра отырып, нақты зерттеулер жүргізді», - деп жазды. Ғалымның бұл зерттеу еңбегін ғалым-жазушы З.Қабдолов, профессор Н.Нұртазин, Қ.Жұмалиев, ф.ғ.д., профессор М.Ғабдуллин, ф.ғ.к. Ы.Дүйсенбаев айрықша бағалап, жас әдебиетшінің зерттеудегі алғашқы қадамын қызу қуаттады. Ал газеттің 8 маусым күнгі санындағы аңдатпада «Жазушы» баспасынан ақын, ф.ғ.к. Қ.Сыздықовтың «Теңіз лебі» атты өлеңдер кітабын жұртшылыққа ұсынбақ екендігін назарға береді және бір шоғыр «Шексіз алғыс», «Теңіз», «Құрманғазының монологы», «Хироко Огу» (бұл өлең атом соғысына қарсы Хиросима, Нагаски бүліншілігінің 19 жылдығына арналған конгресте Хиросима қаласында туған 19 жасар қыз Хироко Огу сөз сөйлеп, соғысқа лагнет айтқаны туралы) сияқты өлеңдерін жариялаған.

Институт ұстазы, Қазақ КСР мектебіне еңбек сіңірген мұғалім, соғыс ардагері Сабыр Қазыбаевтың 1967 жылдың 12 ақпан күнгі облыстық үнпарақтың «Жас ұстазға кеңес» атты айдарында «Мұғалім беделі» атты көлемді мақаласын жариялағанды. Улағатты ұстаз өз мақаласында «...Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас негізінде ауызба ауыз сөйлесе арқылы қалыптасады. Жас ұстаз балалармен жүздесіп, әңгімелескен кезде мына сияқты қарапайым жайттарды ескергені жөн. Мұғалім шәкірт алдында жылы шырайлы кейіп білдіруге тиісті. Әйтпесе, өзінен-өзі ызғары бар адам сабақта ашу шақырып, тепсіне түссе, онда балаларға одан әрмен сұсты көрініп, оларды бұрынғыдан бетер үрейлендіріп жібереді. Кейде

оқушылардың жүрегі салқын тартип, ұстазға деген жылы сезімі біртіндеп тыйылады. Мұғалім оқушыға дұрыс білім бере алмаса, онда оның жөнді тәрбие де бере алмайтыны өзінен-өзі белгілі. Өйткені, білім мен тәрбие - егіз», - деп жас ұстаздарға ақыл-кеңесін береді. Ал 15 ақпан күнгі облыстық газетте аға оқытушы, доцент Ермек Өтебаевтың «Тараспен сырласу» атты өлеңі, 2 маусым, 9 маусым, 10 тамыз күнгі сандарында «Сор мен Тер» әңгімесі, 27 қыркүйек күні М.Әуезов туралы «Данышпан ғалым», 16 қарашада Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, ф.ғ.д., профессор М.Б.Балақаев туралы «Көрнекті ғалым» атты мақалалары жарияланды. Газеттің 1 наурыз күнгі санында институттың аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Бабаш Әбілқасымовтың республикаға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор І.Кеңесбаевтың туғанына 60 жыл, қоғамдық, ғылыми-педагогикалық қызметіне 35 жыл толуына орай «Көрнекті ғалым» атты мақаласы шықты. Ол өзінің мақаласында академик ғалымның еңбегін жоғары бағалай келіп, қазақ тілінің қазіргі әліппесі мен жазу емелесін жетілдіруде академик Ісмет Кеңесбаевтың сіңірген еңбегі орасан зор екендігін жазды.

Спорт жаңалықтары негізінде газеттің 1967 жылғы 25 наурыздағы санында «Палуандар белдесті» атты мақалада: «Классикалық күрестен облыс бойынша командалық жарыс аяқталды. Екі күнге созылған әдісқойлық пен ептілік өнер сайысында «Қайрат», «Спартак», «Еңбек резервтері», «Буревестник», «Еңбек» және Шевченко қаласынан келген «Труд-2» командалары қатысты. Жарыс қортындысында командалық бірінші орынды Гурьев педагогикалық институтының студенттері жеңіп алды», - деп жазған.

Сол уақыттары спорт тақырыбын кеңінен қаузап жүрген институт оқытушысы Х.В.Табылдиев санылы ғұмырын баспасөзбен тығыз байланыстырғанын әріптестері өте жақсы біледі. Студент кезінен қуатты қаламы қолынан түспей республикалық, облыстық, аудандық баспасөз құралдарына алуан түрлі тақырыпта мақалалар жазып, жариялап тұрғаны белгілі. Оның бір ғана мысалы 1967 жылы 25 наурызда жарық көрген «Коммунистік еңбек» газетінде Ұлы Қазан төңкерісінің 50-жылдығына орай «Октябрь революциясының дүниежүзілік - тарихи маңызы» атты мақаласы шықты. Ендігі бір кезекте Хисмет Бозанұлы 1967 жылдың 27 ақпандағы санында өлке тарихына қатысты «Гурьев қашан салынды?», 2 мамыр күнгі газеттің кезекті жарияланымында «Боран Нысанбаев атындағы жұлде» тақырыбындағы мақаласында «Гурьев педагогикалық институты облыстық комсомол комитетімен бірлесе отырып, Совет Одағының Батыры Боран Нысанбаев атындағы жұлде тағайындады. Б. Нысанбаев атындағы жұлде Батыс Қазақстан оқу орындарының бірінші спартакиадасы волейболшылардың күш

сынасуымен басталды. Жарысқа Гурьев педагогикалық институты, Ақтөбе медициналық институты, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты және Ақтөбе педагогикалық институты ерлер мен әйелдер командалары қатынасты. Бірінші болып Орал педагогикалық институты мен Гурьев педагогикалық институтының әйелдер командасы күш сынасты», - деп жазды. Бұл жарыста институт командасы жүлделі орындардан көріне алмады. Ал 4 мамыр күні «Спорт» айдарымен берілген мақалада спорт төрешісі Х.Табылдиев: «Жуырда ғана Ақтөбе, Орал, Гурьев қалаларындағы жоғары оқу орындарының волейболшыларының өзара сыңға түскені газет оқушыларына мәлім. Енді, міне үш қала студенттері сол батыр атындағы жүлдені жалғыстыру үшін күрестен, шахматтан, дойбыдан сайысқа түсті» дейді. Дойбы ойыны барысында Гурьев педагогикалық институтының дойбышылары жүлделі ІІ орынға ие болған. Жеке ойында Перезов (Гурьев пединституты) жақсы көрсеткіштерге жеткен. Шахмат ойыны бойынша Гурьев және Ақтөбе пединституттары командалары арасындағы ойын 2,5:1,5 есебімен алаң иелерінің жеңісімен аяқталды. Бірінші тақтада ойын өрнегін көрсеткен гурьевтік студент Мақтанов Гурьев қаласының бұрынғы чемпионы, ақтөбелік, өзінің ұстазы Сулковскиймен теңбетең аяқасқан, тіпті ойын барысында басымдылық көрсеткен. Бірақ Мақтанов оны пайдалана алмай, ойын тең аяқталған. Екінші тақтада Шаншаров (Гурьев) бәсекелесі Ө.Таңатаровты ұтқан. Боз кілемде бірінші болып Гурьев педагогикалық институты («Буревестник») мен Орал ауыл шаруашылығы институтының («Қайрат») палуандары аяқасқа түсті. Сол жылдары екі команда да өз облыстарында күштілер қатарында саналып жүргендер болатын. Гурьевтік студенттер облыстық жарыста алдарына жан салмай чемпион тәжін кигендер еді. Гурьев пединституты палуандарының жатықтырушысы, институттың аға оқытушысы, КСРО спорт шебері Ж.А.Ысқақов болатын. Ал, оралдықтардан бірнеше палуан республикалық «Қайрат» спорт қоғамы жарысында ие болғандар. Сондықтан да, бұл екі институт палуандарының өзара кездесуі көрермендердің назарын ерекше аударған. Гурьев пединститутының ІІ курс студенті Демесінов Орал ауыл шаруашылық институтының ІІІ курс студенті Нәбиевпен сыңға түскен. Белдесуде жеңіс Демесіновке бұйырған. Келесі кезекте гурьевтік І санатты палуан Хұсайынов пен оралдық ІІ санатты палуан Қуанышбаев бәсекеге түсті. Өз салмағынан Қазақстанда белділер қатарына қосылып жүрген студент Хұсайынов 54 секундта бәсекелесінің жауырынын жерге тигізген. Жартылай жеңіл салмақтылар қатарынан Гурьев пединститутының студенті Батырхайыров пен оралдық студент Абдулов арасындағы белдесу шиеленісті өткен. Жеңіс сәл басымдылықпен Абдуловтың қанжығасына байланған. Гурьевтік палуан Шоқанов пен оралдық бірінші санатты палуан Дүйсеналиев жеңіл салмақтылар арасында сыңға

түсті. Тоғыз минутқа созылған аяқас тең аяқталған. Белдесулер нәтижесінде алаң иелерінің намысын қорғаған палуан студенттер Батырхайыров пен Хұсайынов кезекті өз бәсекелестері Жұрынбаев пен Салықовты таза ұтқан. Гурьев пединституты тарих-филология факультетінің ІІІ курс студенті Бағытжан Рахбиев 12 секунд ішінде қарсыласы Қисықовтың жауырынын жерге тигізді. Төрешілер тарапынан бұл аяқасты барлық кездесулер ішіндегі ең әдемі аяқас деп шешті. Ауыр салмақтылар арасында Горемынин (Гурьев) мен Аношкиннің (Ақтөбе) кездесуінде гурьевтік палуан 16 секундта таза жеңіске жетті. Орта салмақтылар арасындағы белдесуде Құлмұханов (Гурьев) пен Степанов (Ақтөбе) тең түскен. Гурьев және Ақтөбе палуандарының кездесуі 4,5 - 3,5 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілген. Гурьев пединститутының студенттері Рахбиев, Қалмұханов, Горемынин оралдық палуандармен болған белдесуде жеңісті қолдан бермеді. Гурьев пен Орал студенттерінің кездесуі 5,5 - 2,5 есебімен гурьевтіктердің пайдасына шешілген.

Гурьев педагогикалық институтының 1960 жылғы түлегі, жеңіл атлетикадан КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, КСРО чемпионатының жүгіруден алтын, күміс, қола медальдарының иегері Әмин Елемесұлы Тұяқов және еркін күрестен Қазақстанның алты дүркін чемпионы, І-ші КСРО халықтары спартакиадасының жүлдегері, аға оқытушы, институт спорт клубының төрағасы Жүрес Абдошұлы Ысқақов туралы газеттегі «Гурьев түлегі - бокс атасы» атты мақалада (22 маусым 1968 жыл) «Бокс атасы Шохр Бөлтекұлы сияқты атағы жер жарған Гурьев түлегі Әмин Тұяқов. Ол жеңіл атлеттер тобынан үздік шығып жүрген, әлемге әйгілі жүйрік. СССР-дің еңбек сіңірген мастері Әмин Тұяқов еліміздің бірнеше дүркін чемпионы болып, кеудесіне талай алтын медаль тақты. Халықаралық ірі-ірі жарыстарға Совет Одағы командасының құрамында бірнеше рет қатысып, еліміздің намысын қорғаған Әмин Тұяқов жайлы айтылар әңгіме көп.

Гурьев облысының палуандары да шоқтығы биік мәртебелілер тобына қосылғаны баршаға аян. СССР халықтарының тұңғыш спартакиадасында гурьевтік Жүрес Ысқақов республика намысын қорғап жүлделі оралды. Қазақстанның бірнеше рет чемпионы болған ол бұл күндері Гурьев қаласындағы педагогикалық институтта оқытушы. Спортты шәкірттіктен бастап, ұстаздықты қолға алған Ж. Ысқақов жайлы әңгіме өз алдына», - деп жазды.

Институттың профессор-оқытушылары әр кезеңдерде облыстық «Коммунистік еңбек» газеті ұжымымен тығыз байланыс орнатып, институт өмірінен, сансалалы қоғамдық-саяси, мәдени-рухани, спорттық-бұқаралық сипаттағы тақырыптарда жазылған мақалаларымен өзіндік үндерін қосып отырған.

**Аққали АХМЕТ,
«Мәңгілік Ел» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор**

- Уважаемый Дидар Галымович, с апреля нынешнего года приказом министра образования и науки Республики Казахстан Аймагамбетова Вы были назначены проректором по науке и международным связям нашего университета. Мы желаем Вам успехов в работе. Свой первый вопрос мы хотели бы задать о Ваших первых шагах в науке, где учились, по какой теме занимались, кто был Вашим наставником, где начинали свой трудовой путь?

- Спасибо за пожелания! Если говорить о моем образовании, то, начиная с бакалавриата и заканчивая докторантурой, я изучал основы ядерной физики, физики плазмы и нанотехнологии в стенах физико-технического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби. Благодаря сильному научному коллективу физико-технического факультета, я постепенно стал вовлекаться в научную среду. В начальный период обучения я занимался изучением практических аспектов астрофизики на основе теоремы Вириала под руководством д.ф.-м.н., проф. М.А. Жусупова. Затем, начиная с 2010 года я стал активно участвовать в научных грантовых проектах и решать проблемы управляемого термоядерного синтеза посредством моделирования пристеночной пылевой плазмы термоядерного реактора под руководством д.ф.-м.н., академика НАН РК Т.С. Рамазанова. На сегодняшний день мои научные интересы тесно переплетены с областью плазменных технологий, нанотехнологий и водородной энергетики. Благодаря научной школе Т.С. Рамазанова и моим научным руководителям по докторантуре проф. Х.А. Абдуллину и проф. М.Т. Габдуллину сегодня я могу с полной уверенностью считаться состоявшимся молодым ученым. Имею более 100 публикаций, из них 5 патентов РК, 13 статей в зарубежных рейтинговых журналах, входящих в международную базу Scopus и Clarivate Analytics. Моя первая научная статья была посвящена изучению процесса сепарации полидисперсных частиц в плазме высокочастотного разряда для решения проблем изготовления интегральных схем в микроэлектронике, лечения раковых заболеваний в онкологии и физики термоядерного синтеза. Сегодня я изучаю процессы синтеза углеродных наноматериалов и их практические аспекты применения в водородной



ДИДАР БАТРЫШЕВ:

СЕГОДНЯ Я МОГУ С ПОЛНОЙ УВЕРЕННОСТЬЮ СЧИТАТЬСЯ СОСТОЯВШИМСЯ МОЛОДЫМ УЧЕНЫМ

энергетике, в электронике и в нефтегазовой отрасли.

- Как лицо, ответственное за науку в нашем вузе, какие наиболее важные направления Вы считаете наиболее актуальными для нас? Каков научный потенциал университета по сравнению с другими вузами, например, с теми вузами, где Вы учились или работали?

- Атырауский регион – это нефтяная столица нашей страны, и благодаря нефтяным и нефтеперерабатывающим предприятиям бюджет страны растет. Но при этом экология региона очень сильно страдает, плюс ко всему сказываются климатические и погодные условия. Я считаю, что проблемы экологии, аграрии, животноводства и энергетики очень актуальны для Атырауского региона. В этом направлении в Атырауском государственном университете им. Х. Досмухамедова ведутся достаточно серьезные научные исследования – это исследование экологической обстановки г. Атырау,

изучение токсичности отходов АНПЗ, изучение газо- и солеустойчивых видов деревьев для Атырауской области, разработка полезных микроорганизмов для изготовления продукции животноводства и многое другое. Конечно, проблема экологии Атырауской области у всех на слуху, и решать злободневные и актуальные экологические задачи – это значит быть в тренде. Как вы знаете, история нашего университета насчитывает 70 лет и сегодня университет носит имя достойного сына казахского движения, врача, педагога, учёного Халеля Досмухамедова, который внес значительный научный вклад в развитие казахской науки. Продолжая научный путь Х. Досмухамедова и не забывая о важности культурного и исторического наследия, идеологии «Мәңгілік ел», возрождения духовных ценностей «Рухани жаңғыруу», развития цифровизации, глобализации и инновации, наши ученые активно вовлекаются и в другие направле-

ния научного исследования, не менее актуальные для нашего региона и в целом для страны. Хочу отметить, что научный потенциал университета довольно сильный и конкурентоспособный. Наша задача – сохранить и преумножить то, что имеем, воспитать и передать научные знания и навыки подрастающему поколению и, конечно же, поднять отечественную науку и внести свой вклад в развитие экономики страны за счет новых передовых исследований и инноваций. Я считаю, что не стоит сравнивать потенциалы нашего университета и моей alma-mater, потому что это совершенно разные университеты, которые имеют разную историю и миссию, к тому же располагаются в различных как по географическим, так и по климатическим показателям регионах Казахстана. У каждого имеются свои сильные и слабые стороны, и каждый из них решает свои проблемы по-своему, кто-то преуспевает, кто-то не совсем, и порой главное не в том, где ты находишься, а в том, в какой ты среде. Я считаю, что мы должны максимально использовать достаточно сильный потенциал Атырауского государственного университета.

- Мы знаем, что недавно был проведен внутривузовский конкурс научных проектов. Как происходил отбор лучших проектов, сколько поступило проектов, как они оценивались, каковы основные недостатки предложенных проектов?

- Да, в этом году мы одними из первых среди университетов Казахстана запустили внутривузовский конкурс грантового финансирования для научных проектов наших ученых. За основу мы взяли конкурсную документацию на грантовое финансирование МОН РК, Закон «О науке» и Правила базового, грантового, программно-целевого финансирования научной и (или) научно-технической деятельности, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан. Пока запустили первую волну, где по решению Научно-технического совета были одобрены 5 из 13 заявленных годичных проектов. На текущий момент решение НТС было одобрено Ученым советом университета, и приказом ректора 5 проектов получают финансирование. Основная цель конкурса – это поддержка внутренних научных разработок для развития научно-инновационной деятельности и подготовка более крупных проектов, таких

как проекты ГФ, ПЦФ, коммерциализации и международные. Скоро планируем запуск второй волны.

- Ваши планы по развитию университетской науки?

- Основная цель – это развитие научно-инновационной деятельности, публикационной активности в зарубежных рейтинговых журналах и привлечение финансирования по линии министерств, международных фондов, заказы предприятий, НПО и т.д. Планируем активно принимать в этом участие. Сегодня мы сотрудничаем с крупными нефтяными предприятиями города Атырау – это Тенгизшевройл и Норт Каспиан Оперейтинг Компани, планируем наращивать сотрудничество, как для улучшения качества образования, так и научно-исследовательской деятельности.

- Мы знаем, что Вы недавно провели встречу с молодежью. Какие у Вас есть планы по привлечению молодых в науку?

- В университете сформирован и обновлен состав Совета молодых ученых, куда входят активные и амбициозные молодые кадры университета – это магистры, доктора PhD и кандидаты наук. Перед Советом поставлены конкретные, ясные цели и задачи. Я возлагаю на нашу молодежь большие надежды и как член Совета молодых ученых при МОН РК буду вовлекать ее в решение проблем отечественной науки. Считаю, что сегодняшнее молодое поколение довольно прагматичное, целеустремленное и раскованное, и вместе мы сможем внести свой вклад в развитие университета.

- Позвольте задать Вам наш последний вопрос: как Вы проводите свободное время, Ваше хобби, успели ли познакомиться с городом?

- Мое хобби – это здоровый образ жизни, чтение книг и научной литературы, занятия спортом (плавание). С городом Атырау постепенно знакомлюсь, быт и менталитет знаком, так как я сам родом из Мангистауской области. В целом все нравится.

- Спасибо и Вам! Желаем всем читателям крепкого здоровья и больших побед во всех начинаниях! Будущее за наукой, станьте частью будущего!

Асел КЕНЖЕТАЙ,
Директор центра имиджевой и информационной политики



АБАЙ ӘНДЕРІ МӘҢГІЛІК МҰРА



Халқымыздың дәстүрлі өнерінде Абай Құнанбаев өзіндік музыкалық шеберлігімен, ерекше әуен сұлулығымен, әуенге деген нәзік сезімталдығымен, әндерінің тақырыптық, жанрлық байлығымен, ырғақтық және өлшемдік орамдылығымен жаңашыл композитор болып кеңінен танылды. Абай әндерінің өзге әндерден ерекшелігіне мелодиялық, ырғақтық жаңалықтары, идеялық мазмұнының ашықтығы жатады. Ұлы ойшылдың әрбір әуезді әні халқының жүрегінде мәңгілік сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандықтан, біздің заманымызға жетіп қана қоймай алғашқыда ақынның өзінің айналасына - ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ халқының арасына кеңінен тарай бастаған.

Абайдың әндері халық әндерімен тереңде тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан-ауызға көше отырып, қалың бұқараның мол игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тіл мен өлең тексіне құрылуы да себепкер болды. Ұлы ойшылдың шығармалары шалқымалы, әсем сазды, кең үнді, нәзік сезімталдылығымен өрнектелген ерекше әуезді лирикалық әндері «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, қаламқас», «Сен мені не етесің?», «Өзгеге көңлім тоярысың» әндері жатады. Олар

өздерінің кестелі музыкалық тілімен, образдық сипатымен, сезімтал эмоциялық әсерімен ән мәдениетінде, оның ішінде лирикалық-ғашықтық әндердің классикалық үлгілеріне айналған. Жаңа ырғақ-өлшем, жаңа кейіпті әуендік жолы, жаңа үн сөздіктері - осы үшеуі әсіресе Абай музыкасының өнер биігіндегі бастау шыңына айналды.

Абай тудырған жаңа поэзия лебі ақын әндерінде де жаңаша серпін берді. Орыстың ұлы ақындарын үлгі тұтқан Абай орыстың әдет-ғұрып музыкасын, қала романстарын естіп, тыңдай отырып, солардан шығармашылық ерекше үлгі алды. Оның үстіне

Абайдың «Евгений Онегинді» аударып, «Татьянаның хатына» өзінің ән шығаруы, А.А.Дельвич пен М.М.Глинканың «Сұрғылт тұманын», А.Г.Рубинштейннің «Мен көрдім», М.Ю.Лермонтовтың «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін өз тіліне аударып, оларға арнап әсерлі ән шығарғаны - Абайдың музыкалық сөздігін байытуға қосқан зор үлесі болатын.

Ұлы кемеңгер ұлылықтан бастау алған даналықтың құдыретін халқына танытып қана қоймай, композиторлыққа да басқалардан өзгеше жолмен келді. Оның шығармашылық заманының алдын ораған шебер тілі мен сазды әсерлі әуен үндескен жаңашылдықтары, ол шығарған әндерінің ырғақтық, үндік, мелодиялық жақтарына ерекше жан бітірді. Ақынның өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінде болмаған өзгеше қасиеттерді иеленуінің тағы бір себебі - Абай ерекше бір музыкалық ортада болғандығында. Оған мыналар дәлел:

- бір жағынан, өзінің асқан музыкалық қабілетінің, музыканы жан-тәнімен сүйюінің арқасында қазақтың халық музыкасын жақсы біліп, Семей қаласына гастрольге келген артистердің концерттерін тыңдап-көру арқылы орыс музыкасымен тікелей танысып отырса;

- екінші жағынан айнала-сына топталған өнерпаздардың кейбіреулері орыс халқының музыкалық үлгілерімен үндесіп жатты. Олар Абай шығарған әндерді тыңдаушы ғана емес, бабына келтіріп әсем орындаушылар. Тіпті, совет үкіметі тұсында Абайдың музыкалық мұрасы жиналып, нотаға түсіріле бастады. Қазақтың халық музыкасын жинаушы А.Затаевичтің өзі 1915-жылы Абайдың бірнеше әнін нотаға түсіріп, жариялады. 1930-жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы Мәкен Мұхамеджанованың орындауымен Абайдың он алты әнін нотаға жаздырды. Оның орындауындағы Абай әндері автордың түпнұсқасына жақын болуы керек. Қазақтың халық музыкасының үлгілерін жинаушы кейбір мекемелерде, жеке адамдардың архивтерінде сақталып жатқан Абай әндерін шамамен есептегенде, түрлі нұсқаларын қосқанда, жалпы саны қырыққа жеткен. Ақын әндері нотаға түскен күннен бастап фортепианоның

сүйемелдеуімен жеке дауысқа арналып, нотаға түсіріліп, алғаш орындала бастады. Бертін келе Қазақстан композиторлары Абай әндерін өздерінің шығармаларына тақырып-арқау етіп енгізумен бірге ерекше ойшыл жанның әндері негізінде Қазақстан композиторлары жеке аспаптарға (ұлттық музыка аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына), шағын ансамблдерге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрлерге арналып шығармалар жазды. Ал, А.Қ.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсына Абай шығармалары молынан енді. Онда ұлы ойшылдың әндері өзінің алғашқы қалпында да, шығармашылық дамулы-өзгерісті түрінде де (оркестрде, хорда, ансамбльде) кеңінен тарайды. Қазақстан композиторлары Абайдың сөздеріне өздері көптеген ән жазып, ақын поэзиясының жан түкпіріне жететін асыл мұраларын музыка тілімен жалғастыру ісіне қызу атсалысты.

Өзі сүйген халқы үшін ерекше ұлы кемеңгер атанған ақынның сырға толы әндері музыкалық өнердің ішіндегі әуені мен сазы бөлек інжу-маржанына айналып қана қоймай, қазақ мәдениетінің өркендеп алға дамуы жолында жаңашыл көркемдік ерекшелікке ие болды. Кемеңгер ойшылдың қалың елі қазағына мол мұра етіп қалдырған әрбір әні мәнерлі интонациялық тілімен, поэтикалық шебер үндестігімен, ұлттық сипатымен, құрылымдық, стильдік ерекшеліктерімен қатар, эстетикалық, мазмұндық құндылығымен, мәңгілік рухани болмысымен сарқылмас ғасырлар қазынасы болып жалғаса бермек.

Абайдың әні мен әуенін жан жүрегіңмен терең ұғынып түсіне білу талғамды музыканың көркемдік қуаты мен қабілетін арттырып қана қоймай, оның шығармашылығындағы айтылған ойлар мен мөлдір сырға толы сезімді (музыканы) жүрекпен ғана сезіне қабылдай білуге дағдыландырады. Абайдың шығармалары заман өзгерістерінің қай кезеңдерінде болмасын өзінің құндылығын, тәрбиелік мәнін ешқашан жойған емес және жоймайды да.

**Сәтім ӘЖІКЕН,
Музыка және өнер
кафедасының аға оқытушысы,
КСРО «Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері,
ҚР білім беру ісінің
құрметті қызметкері**

ПРОЗА ЖАНРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК

Қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір күрделі де жауапты кезеңдердің бірі – XX ғасырдың 50 жылдарынан кейінгі «жылымық» уақыт. Сталин қайтыс болғаннан кейін оның «жеке басына табынушылықты айыптау» туралы КОКП-ның XX съезінде партия тарапынан әдебиет өкілдеріне қойылатын талаптар да өзгерді. Осы уақытта қоғам белсенділері өз алдына ұлттық мүдде мен қазақ тарихына деген көзқарасты терең танытуды мақсат етіп қойды, Алайда партия тарапынан оларға деген көзқарас әлі де еркінсі қоймаған еді. Көптеген қаламгерлердің поэзиялық, прозалық шығармаларының негізгі тақырыбы социалистік реализм бағытына сай негізделіп, сол деңгейден әрі аса алмады. Ұлттық демократияның бастауы болған «Алаш» идеялы әдебиет өкілдерінің ұстанған бағыт-бағдары өткен ғасырымыздың 60 жылдары кеңінен талқыға түсіп, оның кейбір өкілдері ақталғанымен (Б.Майлин, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров т.б.) әлі де оларға тағылған саяси айып өз күшінде болды. Тіпті партия съездерінде әдебиет сыншыларының тарапынан берілген баға да екіге бөлініп, бейтарап көзқарас қалыптасты. Міне, бұл – сол кезеңдегі ұлттық әдебиетіміздің жай күйі. Әдебиетіміздің тарихын дәуірлеуге қатысты пікірлер де қарама-қайшылық тауып, көне дәуірдегі мұраларымыздың зерттелуіне тыйым салынды. Өткенді қайта жаңғыртпақ түгіл, жеке бастың қамын ойлаған аумалы-төкпелі уақытта Илияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Оралхан Бөкей, Сәкен Жүнісов, Әбіш Кекілбаев бастаған бір топ кейінгі жас жазушылардың шоғыры тарихи проза жанрын қалыптастырды. Роман жанрының кеңге құлаш ұрып, қанат жайған уақытында бұл жанр тек прозадағы жаңалық болып қана қоймай, өз оқырманын қызықтырған және ұлттық болмыс пен мүддені сақтап қала білген, қазақ тарихының бай мұрасына деген көзқарасты тереңінен көрсетуге бағытталған әдебиет жанры болды. Реализмі мен романтизмі қатар өрбіген бұл шығармалардың басты идеясы мен көркемдік шешімі әрі ашық, бейнелі, әрі астыртын түрде берілді. Осы тұрғыдан келгенде, көркем әдебиет тек социологиялық қару емес, идеялогиялық қару екенін айқын аңғару керекпіз. Енді

нақты тақырыпқа көшелік.

Тарихи проза жанрында Илияс Есенберлин әдебиет тарихында сан жағынан роман жанрына тереңдеп барған қаламгер (жалпы саны 16 роман). Оның қаламынан туған «Алтын Орда», «Көшпенділер», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алтын құс» трилогиялары мен дилогиялары тарихи тақырыпта жазылды. Солардың ішіндегі «Көшпенділер» трилогиясы дүйім оқырманды елең еткізген шығарманың бірі. Автор бұл трилогияны жазуда ұлт тарихының 3 кезеңін, нақтырақ айтқанда, «Алмас қылыш» романында XIV–XV ғасырларды, «Жанталас» романында «XVI–XVIII ғасырларды, «Қаһар» романында XIX ғасырды баян етеді. Бір ескеретіні трилогияның соңғы бөлімі «Қаһар» романы 1969 жылы ең алғаш жазылған, кейіннен «Алмас қылыш» пен «Жанталас» романдары жарық көрді. Бұл өз кезегінде сынға жиі іліккен шығарма, себебі мұнда болған тарихи оқиға тұтас сол сюжет күйінде көркемдік шешім тапқан және шығарманың көркемдік дәрежесі төмен деп бағаланды. Жазушының мұндай ұлы туындыны жарыққа шығаруында қазақ жыраулар поэзиясының орны ерекше. Шығармада хандар мен жыраулар, батырлар бейнесі молынан көрініс тапқан. «Алмас қылыш» романының басты кейіпкерлері ретінде қазақ хандығының негізін салушылар Керей мен Жәнібек орын алады. Шығармада тек қана ұлт тарихының сан ғасырлық жолы жалаң түрде баяндалып қоймай, ұлттың тұтас дүниетанымын, болмыс-бітімін, фольклор жанрының озық үлгілерін, терең философиялық ой – толғанымдардың мол шоғырын көре аламыз.

Өр Алтайда туып, қашан да өз шығармаларында сол Алтайдың табиғатына сай реалистік шығармаларды дүниеге әкелгендердің бірі – «жұмбақ жазушы» Оралхан Бөкей. Оның шығармаларының ерекшелігі де сол болатын. Басты концепция уақыт пен кеңістік, табиғат пен кейіпкерге негізделген. Жазушының қай туындысын оқысаңыз да туған жерінің құпиясы мен қыр-сыры ашылмаған тылсым да терең табиғаты аста-сып жатады. Қаламгердің біздің әдебиетімізге сіңірген үлесі де аз емес. Бұл өз кезегінде новелла жанрына ден қойған новеллист жазушы. «Апамның астауы»,



«Қасқыр ұлыған түнде», «Қамшыгер», «Жылымық», «Жасын», «Кербұғы», «Ардақ» әңгімелері автордың тікелей өз өміріне сай негізделіп алынған. Қаламгердің тарихи тақырыпқа ден қоюын «Мұзтау», «Атау кер» повестерінен көре аламыз. Әдетте, көптеген шығармаларда тарихи оқиғалар тізбегі деталь түрінде көрініс тауып, негізгі айтатын ой мүлде басқа сипатта болады. Автор өз кезегінде дайын аңыздық, мифтік сюжеттерді қолданады. Тарихи аңыздар мен мифтерді шығармаға қолдану арқылы да оқырманға тылсым бір үн тастағандай болады. Мәселен, «Мұзтау» повесіндегі Асан шалдың айтқан өтірігі – қазақ тарихының шындығы. Амал нешік, ғұмыры қысқа болды. Әйтпесе қазіргі прозамызға әліталай керемет туындыларды алап келер ме еді?

Мінеки, бұдан біздің аңғаратынымыз 70–80 жылдардағы қоғамдық идеологияға қарсы тұрудың

бірден-бір жолы осы ғана болатын. Әдебиет – қоғамның айнасы. Халқымыздың сан ғасырлық тарихының көркем шығармада орын тебуі қоғам үшін, соның ішінде ұлттың руханиятын көтеріп, рухани тұрғыдан қоғамды тәрбиелеуге қызмет етті. Бұл туындылардың қай-қайсысы да мемлекеттік деңгейдегі ғана емес, халықаралық дәрежедегі сыйлықтарды алуға тұрарлықтай. М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінің өзі әлем әдебиетінде еуропалық үлгіде жазылған модернистік сипаттағы классикалық шығарма ретінде танылды емес пе? Қойнауы тереңде жатырған өткенімізді жаңғырту сол кезеңдегі социологиялық жүйеге қарамастан, үлкен батылдықпен халық санасын оятудың, ұлт үшін қызмет етудің басты қадамы болып табылды.

Заманбек ШАКИРОВ,
Филология мамандығының
4-курс студенті

8 Бүгінгі күн тақырыбы

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Жаһанды жайлаған індет адамзатты әуреге салды. Күллі әлем пандемия індетімен күресуде. Алғашқысында айтылған ақпарат, көрсетілген хабар елдің санасына сигнал бермегенді. Бәз баяғыша өмір сүріп, індеттің қауіптілігіне назар аудармады. Бүкіл елдің күнделікті дағдысы өзгеріп, әлем елдері осы індетті жою шараларымен күресіп, халықты тәртіпке шақырды.

Осыдан 1 ай бұрын еліміздің өмірі кәдімгі той-тойлаумен, күйбең тіршілікпен жалғасты.

Мемлекет басшысы індетке қарсы төтенше жағдай жариялап, халықты тәртіпке шақырды.

Пандемия еліміздің барлығына аймағына таралып, қарсы күрес жұмыстары күшейтілді.

Күн санап ауырғандар саны артты.

Халық қандай қиын қыстау кезеңде де, қандай сын шақта да өздеріне рухани азықтан нәр ала білуі керек. Төтенше режим жағдайында бұқара халықты белгілі бір тыныштыққа, оймен сананың тыныштығына, әсер ететін рухани азық халық үшін ол – кітап бұл уақытта қолданар рухани азығы да кітап. Үлкен де кіші де, жұмыр жердің адамзатсыз өмір сүре беретіне көзі жетті. Ендігі уақыт күйбең тіршіліктің қамымен емес, рухани болмысты азықтандырумен жұмыс жасау керектігін де түсінгендей. Иә, санамызда сайрап тұрған мың сұрақтың жауабы табылмайынша, адамзат тыншымайтыны да белгілі.

Алайда, осынау күрделі кезеңде еліміздің ахуалына халықтың жуапкершілікпен қарауы әр адам міндет. Иә міндет. Сонымен қоса, белең алған жайттардың жағымды жағына да қарайлатын кез келді. Осы орайда, ел жастары карантин кезінде алтын уақыттарын текке жібермей, сөрелеріндегі құнды кітаптарына зер салып, ой бөлісіп, не болмаса электронды кітаптарды оқуда. Волонтерлар берілген көмекке білек сыбана кірісіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесе көмек қолын созды. Білім алу мен білім беру форматы онлайн жүйеге көшті. Дегенмен бұл білімді қашықтатпайды. Білім алам деген әрбір жас үшін ешнәрсе де кедергі емес. Иә, қазіргі көгілдір экрандағы сайрап жатырған басты мәселе де осы.

Халық тәулік бойы БАҚ жаңалықтарынан, одан қалса әлеуметтік арқылы сәт сайын біліп, түсінуде.

Қорыта келе,

Қазақ қашанда Жаратқаннан жақсылық дәмтететін, тіпті қауіп-қатердің де қайырын күтетін халық. Бүгінгі ұрпақ жаңа қатер кезінде қорғанумен қатар, уақытын үздіксіз білім алумен жемісті жалғастыруға, өзін жетілдіруге арнайтынына сенеміз.

«Журналистика» мамандығының 3 курс студенті Нұрғалиева Айкөркем

«ТІРІ БОЛСАМ ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ҚЫЛМАЙ ҚОЙМАЙМЫН»

Қазіргі заманда неше түрлі кітап шыққалы, ауыз екі әдебиетіміздің қадір қасиеті құлдырап бара жатқандай. Басқа, басқа қазағым 4 томдық «Абай жолы» эпопеясын ұмытқан секілді.

Жақында ауылға бардым. Төрде атам отыр, амандасып жағдай сұрастық. Көп ұзамай әжеміз асқан асқа тойып ап біраз шүйіркелестік. Атам, әңгіме үстінде бір сұрақ қойды «осы сен Абай жолын оқыдыңба?» деп. Сасқан күйімде «жоқ» дедім.

Басын шайқап (үнсіз) қалды.

Таудай жігерім құм болды да, келесі келгенде оқып бітіріп келермін деп уәде беріп кеттім. Міне енді оқуды бастадым.

Бұрын соңды кездеспеген күрделі сөйлемдер. Оқи алмадым. Бірақ мақсат сол!

Түйін: Мақтанып отырғаным емес. Қазір бәрі бизнес пен бай болудың, әйтеуір бір дүниелік инвестиция жинаудың жолын игеріп жатыр. Сонда біздің дүниелік байлығымыз көп болып, рухани байлығымыздың жоқ болғаныма?

Ps: Әрбір қазаққа айтарым, тілің, жаның бай болсын десең «Абай жолын» оқы!


Атаммен әңгіме

Баяғыда атам «осы балам өскен соң бастық болып, пенсиямды өсіріп береді» деп еді. Әлі есімде.

Ол кезде кішкентаймын, теледидар алдынан түспейтін. Үнемі атаммен бірге жаңалықтар қарайтынмын. Сонда да саясатты түсінбей, амалсыздан қараймын.

Есімде басты жаңалықтарды тізгіндеп отыратын диктор @meirzhan_alibekuly болатын. Мінеки осы ағам еліктеп журналист болуға ерік жігерім ашылды. Аллаға шүкір қазір менде журналист болуға талпынып келем. Өткенде ауылға барғанда атама айтам ғой, «мен ертең бастық болайын пенсияңды көтеріп берем» деп. Атам (күліп) сен болғанша кемпір екеуіміз түйе бағуға кетіп қалмаймызба дейді. Үнсіз қалдым. Сол кезде атам, «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деп бір ауыз сөзбен бір үзік ой салып берді.

«Журналистика» мамандығының 2 курс студенті Нұржол Жақсылық



Словно гончая, словно болид,
Вторгся в привычную жизнь COVID –
Невидимый вирус, опасней, чем SARS,
В ужас повергнул многих из нас.
Вирус с короной не знает границ,
Хочет сыграть с человечеством в блиц,
Начал с Уханя вирус шагать,
Планы далекие – не угадать.
Тревожные сводки будто с фронтов,
В мирное время – никто не готов.
Только вчера было планов не счесть,
Сегодня осталось – в аптеку, поесть.
Экзамен суровый выдался нам,
Сидим в изоляции мы по домам.
Кто-то танцует, а кто-то поет,
Челлендж проводит и маски сам шьет.

Выдержку духа, поддержку одних,
Дикие цены и жадность других
Вскрыла пандемия, всё обнажив –
Переживания, боль, негатив.
Вирус проблемы нам обнажил:
Куда-то исчез обычный этил,
Проблемы врачей, масок нехватка...
Сколько ж продлится с вирусом схватка?
Срочно освоили платформу мы ZOOM,
Вначале, конечно, никто ни бум-бум,
Сети трещат, интернет на пределе,
Но ведь студенты и преподы в деле?!
Забыли прогулки, забыли гостей,
Ждем от родных лишь благих новостей.
«Выдержим, вытерпим!» – мы говорим,
«Вместе сильнее! Біз біргеміз!» – наш гимн.

Азамат КЕНЖЕБАЕВ,
кафедра социально-гуманитарных дисциплин

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Ғылым департаментінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту бөлімінің басшысы Баймашева Дана Қонысқызы елімізде орын алған төтенше жағдай кезінде Covid-19 коронавирусынан сақтану мақсатында университет қызметкерлері мен студенттеріне арнап 200 дана маска тігіп, тегін тартуда.

Осындай игі іспен айналысып, әріптестерімен студенттерге қолдау білдірген әріптесімізге АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!

НАШ УНИВЕРСИТЕТ РАЗРАБОТАЛ ПОШАГОВУЮ ИНСТРУКЦИЮ ПО ПРОВЕДЕНИЮ ПРОМЕЖУТОЧНОЙ И ИТОГОВОЙ АТТЕСТАЦИИ. ВЫ МОЖЕТЕ ОЗНАКОМИТЬСЯ НА САЙТЕ УНИВЕРСИТЕТА (адрес: <https://asu.edu.kz/>)

Согласно Инструкции коллегияльно были определены следующие формы проведения экзаменов:

1. Экзамены с «открытой книгой» - take-home open book exam.
2. Удаленное тестирование через LMS - увеличена время тестирования до 100 минут и предоставляется 24 часа на сдачу экзамена по расписанию.
3. Устные онлайн экзамены - Zoom, Webex Meetings, Microsoft Teams и др.
4. Письменные экзамены через LMS.
5. Творческий экзамен на базе платформ Zoom, Microsoft Teams, YouTube и др.
6. Итоговая аттестация выпускников, получающих второе высшее образование, по желанию обучающихся, предусматривает суммарное оценивание по дисциплинам из перечня комплексного экзамена итоговой аттестации.

ВУЗ предусмотрел «Суммарное оценивание», которое осуществляется на основе текущего и (или) рубежного контролей по дисциплинам
Философия, Халелтану, Физическая культура, Иностранный язык, Казахский язык, Русский язык, Модуль социально-гуманитарных дисциплин, ИКТ.

В СЛУЧАЕ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ТЕХНИЧЕСКИХ СБОЕВ, ВОЗНИКШИХ В ХОДЕ СДАЧИ ЭКЗАМЕНА, НЕОБХОДИМО ОБРАТИТЬСЯ К ДЕКАНАМ ФАКУЛЬТЕТОВ

Факультет инновационного образования
МУХАНБЕТЖАНОВА АКМАРАЛ УТЕПБЕРГЕНОВНА,
+77013359662, e-mail: a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz;

Факультет естествознания и сельскохозяйственных наук
АБДИНОВ РАУАН ШАРИПБАЕВИЧ,
+77017386923, e-mail: r.abdinov@asu.edu.kz;

Факультет физики, математики и информационных технологий
КЕНЖЕГУЛОВ БЕКЕТ ЗИНЕШЕВИЧ,
+77017296284, e-mail: fiz.mat@asu.edu.kz;

Факультет гуманитарных наук и искусства
ДИНАРА ХАМИДУЛЛИНА,
+77782967533, e-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz;

Факультет экономики и права
АДИЕТОВА ЭЛЬМИРА МИЗАМГАЛИЕВНА,
+77014040389, e-mail: e.adietova@asu.edu.kz

Факультет полиязычного образования
СУЛТАНГУБИЕВА АЙГУЛЬ АЙТМУХАНОВНА,
+77082363712, e-mail: a.sultangubiyeva@asu.edu.kz.



ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

9

Еркінова МАДИНА, Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, Математика мамандығының 4 курс студенті:

Қашықтықтан оқу жүйесі өндірістік тәжірибеден өту мен есеп тапсыру кезінде ешқандай кедергі келтірмеді. Еліміздегі төтенше жағдайларға байланысты диплом алды жұмыстарымыз да онлайн түрде тапсырылуы мүмкін деп жоспарлап қойдық. Профессор-оқытушылар құрамының тарапынан онлайн түрде өзара байланыс пен ақпарат алмасу бізге қиыншылық тудырмады. Алдағы уақытта еліміздегі індет жойылып, бітіруші түлектермен жақсы күндерде жүзбе-жүз кездесеміз деп ойлаймын.

Біздерді қашықтан оқу жүйесінде онлайн бағытында күнделікті біліммен қамтып отырған оқытушыларымызға мың алғыс!



Мамбетов АЛДИЯР, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Тарих мамандығының 1 курс студенті:

Қашықтықтан оқу жүйесіне көшкелі бері қоғамның даму прогресі байқалатын секілді. Себебі, шетелдік білім беру жүйесінде онлайн оқу жүйесі белсенді дамыған. Қашықтықтан оқу жүйесінің артықшылығы: біріншіден, бәсекеге қабілетті елдердің білім беру жүйесін өз тәжірибемізде байқап көрдік; екіншіден, онлайн байланыста уақыт үнемділігі, яғни тек оқу бағдарламасы қысқаша әрі нақты өткізіледі; үшіншіден, өз бетімізше ізденуге көп уақыт беріледі. Бұл, білім алушылар үшін өте маңызды. Төтенше жағдай шешімін тауып, жақсы өзгерістер болады деген ойдамын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Мустахим АМИНА, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Журналистика мамандығының 1 курс студенті:

Әрине, қашықтықтан оқу жүйесіне бірден кірісіп, үйреніп кету үшін уақыт керек болды. Бірақ, дәріс беретін профессор-оқытушылар ұжымы бізге қолдау көрсетіп, бағыт сілтеп, оқу материалдарымен уақытылы қамтамасыз етіп отырғандығы бұл жүйенің тиімді екенін дәлелдеді. Біз үйде отырып-ақ, оқу жүйесіне қатысты дерек көздерін онлайн жүйеде оңай қол жеткізіп отырмыз. Бұл жүйе барлық студенттер үшін өте тиімді. Университет ұжымына шексіз алғысымызды білдіреміз. Еліміздің тыныштығы мен татулығы сақталып, бәріміз жақсы күндерде кездесейік!



Жексенова НҰРАЙ, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Журналистика мамандығының 2 курс студенті:

Мен үшін қашықтықтан оқытудың тиімділігі: оқу процесінен басқа тұрмыстық жұмыстар мен хоббилеріме де уақыт бөлінуде. Еліміздегі төтенше оқиғаларға байланысты тігіншілік өнерімнің арқасында маска, қажетті киім-кешек тізуге уақыт тауып айналысып жүрмін. Кемшіл тұстары да бар. Барлық студенттер бір уақытта ZOOM бағдарламасына кіретіндіктен байланыс кейде дұрыс шықпай қалады, ұялы телефонмен онлайн байланысқа шыққан жағдайда телефонның бірлігі тез таусылып, дәріске қатынасу үшін қайта толтыру қажеттігі туындайды. Әрине, білім алу біз үшін өте маңызды. Платонус платформасында сақтаулы тұрған қолжетімді материалдар бұл олқылықтың орнын толтырады. Тез арада жаман дерттен еліміз арылып, бәріміз жоғары деңгейде оқу жылын сәтті аяқтаймыз деген сенімдемін.

Дегенмен, университетте күнделікті оқып жүрген күндерге не жетсін.

Саламат СЫМБАТ, Көптілді білім беру факультеті, Екі шетел тілі мамандығының 1 курс студенті:

Елімізді біраз әуреке салған пандемияға байланысты қашықтықтан оқу жүйесі жоғары деңгейде өтіп жатыр. Осы жағдайға орай студенттер онлайн және оффлайн жүйеде оқу процесінің тиімді деп есептейді. Карантин жариялануы кезінде, тазалық пен гигиенаны қатаң сақтап, үйден шықпай, тек үздік үлгерімдерге қол жеткізу бәріміздің қолымыздан келетініне сенемін. Осындай төтенше жағдайға қарамастан, университетіміздегі профессор-оқытушылар біздің білім алуымызға толық жағдай жасап, әрқашан байланыста болғандығы бізді қуантады.



10 Тарих тағылымы

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз. Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады. Баянды бірлігіміздің арқасында халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды» деп елімізде Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеудің тарихи-экономикалық мәніне ерекше назар аударды.



ATYRAU UNIVERSITY

ӨТКЕНГЕ ОРАЛУ

Тәуелсіздік алғаннан кейін қызығушылық туғызған мәселе, ол Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі болды. Бұл бағытта М.Әбусейітова, Т.Сұлтанов, Ә.Хасенов, З.Қинаятұлы, С.Жолдасбайұлы, Б.Кәрібаев, Ә.Қ.Мұқтар сынды тарихшылар өз пікірлері мен тұжырымдарын жарыққа шығарды. Жүсіпова Лаура Қуандыққызы: «Қазақтың ауызша тарихи дәстүріндегі XV–XVII ғғ. Қазақ хандығы тарихы» атты докторлық, Гулмира Сәбденова Қазақ хандығының тарихнамасын зерттеп осы мәселеге орай кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеушілер арасында Қазақ хандығының қашан құрылғандығы туралы қарама-қайшылық та бар. Бұл бағытта Т.Сұлтанов Қазақ хандығы 1470–1471 ж.ж. құрылды деген пікірді ұсынды. Ал, Қазақ хандығының құрылу мерзімін Н.Масанов көрсеткен мерзімнен де арыға апарушылар Н.Мыңжан хандықтың құрылған жылын қазақтардың Жетісуға қоныс аударған жылымен сәйкестендіріп 1456 жыл деп көрсетеді. Ә.Хасенов болса бұл мерзімді 1445 жылдан, яғни Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің қайтыс болуынан бастаған жөн дейді. Қазақ хандығы Шу бойында 1458 жылдан бастап құрылды деген пікірді Б.Кәрібаев ұсынды. Берекет Бақытжанұлы «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты докторлық диссертациясында (Алматы, 2010), Қазақ хандығының қалыптасуын екі онжылдыққа созылған, бірнеше кезеңнен тұратын едәуір созылмалы процесс ретінде қарастырды және алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек туралы келелі пікір білдірді. С.Жолдасбайұлы өзінің зерттеуінде 1465–1466 жылдарды Қазақ хандығының күшейе бастаған мерзімі ретінде қабылдауды ұсынды. Қазақ хандығының құрылған мерзімін анықтауда осы мәселемен көп жыл айналысып келген қазақстандық зерттеуші К.Пищулина еңбектерінің орны бөлек. Ол ғылыми негізі берік тұжырымдар жасап, Қазақ хандығының құрылуына байланысты Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткен 1465–1466 жылдарды толық мақұлдайды. Қазақ хандығының құрылу тарихына орай жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттерде хандықтың негізін салушылар – Керей мен Жәнібек хан-

дар деп айтылған. Деректе «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды. Осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмеді. Тарих ғылымында 19 ғасырдың 60-шы жылдарынан бері Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібектің есімдері белгілі болған. Орыс ғалымы В.В.Вельяминов-Зернов алғаш рет орыс мемлекетінде 16-ғасыр аяғы мен 17-ғасыр басында «Қасым хандығының» негізін қалаған Оразмұхаммед сұлтанның шығу тегін анықтауда «Тарихи Рашидидің» мәліметтеріне орай былай деп жазған болатын: «Тарих-и Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер хижра бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни 1456 жылдан 1537–38 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы 80 жыл ішінде Мұхаммед Хайдар бойынша қазақтардың ең басты тұлғалары: жошылық Керей мен Жәнібек, Керейдің ұлы Бұрындық, Жәнібектің ұлдары Әдік пен Қасым, Әдіктің ұлы Тахир болды». Керей ханның атасы Тоқтақия «жұмсақ мінезді, әділетті» адам болып, Әмір Темір мен Тоқтамысқа қарсы күресте қайтыс болған. Ал, Керейдің әкесі Анике-Болат немесе Болатқа келсек, ол – Тоқтақияның үш ұлының бірі. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» бойынша Керей хан – Болаттың (Анике Болаттың) жалғыз ұлы. Тоқтақияның Болаттан басқа Тәңірберді және Бұғышақ атты екі ұлы болып, Бұғышақтың Мұхаммед, Ахмет, Әли атты үш ұлы, Ймен би атты қызы болғанды. Керейдің қай жылы дүниеге келгендігі белгісіз. Бірақ оны салыстыру әдісі арқылы болжап, шамамен айтуға болады. Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия да, кіші ұлы Қойыршақ, олардың жас арасын шамамен 15–20 жыл деуге болады. Тоқтақияның ұлы Болат болса, Қойыршақтың ұлы – Барақ. Барақтың 1428 жылы қайтыс болғаны белгілі. Барақтың үш ұлының үлкені – Жәнібек хан. Ал Жәнібек хан мен Болаттың ұлы Керейдің бір тарихи кезеңде өмір сүргені белгілі. Олардың арасындағы жас айырмашылықтары 10–20 жыл деп санауға болады. Керейдің есімі 15 ғасырдың 60-шы

жылдарының соңынан, ал Жәнібектің есімі 15 ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап жазба дерек мәліметтерінде кездеспейді. Соған қарап оларды 60–70 жыл өмір сүрген деп есептесек, онда олар 15 ғасырдың басында дүниеге келген болып шығады.

15 ғасырдың 50-ші жылдарында қазақ хандығының құрылар қарсаңында Орыс ханнан тараған Керей мен Жәнібек секілді шөберелерді санағанымызда, Темір Мәліктің ұрпақтарының олардың саны 20-ға жуықтаған. Олардың ішінде жасы жағынан ең үлкені Керей болған. Сондай-ақ Орыс ханның үлкен ұлы – Тоқтақия оның үлкен ұлы – Анике Болат оның жалғыз ұлы Керей болғандықтан, 15 ғасырдың ортасында Шығыс Дешті Қыпшақтың Орда Ежен әулетінің, Орыс хан ұрпақтарының арасында ата жолы жағынан Керейдің мәртебесі жоғары болған.

Керей Махмуд бен Уәли айтқандай, Әбілқайыр хандығы бөлініп кеткенде жасы мен жолына қарай хан сайланды. Ол он жылдай хан болып, Қазақ хандығының іргетасын қалаған. Жәнібекті Кереймен бірге Қазақ хандығының алғашқы 80 жылдық тарихындағы ірі тұлғалар деп, Жәнібекті Әбілқайыр хан дәуірінде Орта Азия тарихында өзіндік маңыз атқарған, одан кейін қазақтардың билеушісі болған дейді де, «одан басқа біз бұл екі тұлғаның қазақ халқын құрушылар екендігін білеміз» деп нақты көрсетеді.

Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына келсек, ол Керей ханның шөберелес туысы болғандықтан, олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ болып келеді. Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерде Жәнібек ханның ата-бабалары жайлы былайша беріледі: «Орыс ханның бірінші ұлы – Тоқтақия. Ол билік құрған. Орыс ханның сегізінші ұлы – Құйыршық. Оның Пайанде-сұлтан, Рукйиа деген екі қызы, Барақ атты бір ұлы болды. Барақ билік құрған. Барақта төрт бала: Саадат-бек деген қызы және Әбу Сайд, Мир Қасым, Мир Сайд деген үш ұлы болған». «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Әбу Сайд Барақ ханның үш ұлының кішісі және Жәнібек хан деген қосымша есіммен берілсе, Оразмұхамедтің кеңесшісі болған, жылнамашы Қадырғали Жа-

лайыр Барақтың ұлы «кіші Жәнібек хан» деп түсіндіреді. Осылайша Жәнібек хан туралы айтылатын шежірелік мәліметте оның шын есімі – Әбу Сайд, ал лақап есімі – Жәнібек. Мұхаммед Хайдар Дулати мен Махмуд ибн Уәли екі сұлтанның Моғолстанға келуін, Есен Бұға ханның оларға Шу мен Қозыбасы жайлауы арасында орналасқан жерді бергенін жазады. Не себепті Есен Бұғаның бұл өңірді екі сұлтанға бергенін «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» авторы былай түсіндіреді: «Бұл кезде Моғолстанда Шыңғыс ханның ұлы, Шағатай хан ұрпақтарының бірі Уәйс хан ұлы Есен Бұға хан билік етіп тұрды. Дәл осы тұста Әмір Темір курәканның ұлы Мираншақтың, оның ұлы Сұлтан Мұхаммедтің ұлы Әбу Сайд жоғарыда аталған ханның ағасы Жүніс ханды Ирактан алдыртып, көмек беріп, қолдау көрсетеді, сөйтіп, оның бөлігіне қауіп төнеді. ...Екі сұлтанға ол Моғолстанның батысынан жер берді, ол Есен Бұға ханның иелігі мен Жүніс ханның қол астындағы жердің арасында орналасқан еді. Бұл жер – Шу мен Қозыбасы деген жерлер болатын».

Қазірде бүкіл әлем мойындап отырған 30-іргелі елдің қатарында еліміздің мемлекет болып қалыптасуы мен алғашқы хандарымыз туралы тарихи мерекені атап өту туралы шешімі өте маңызды. Бұл тәуелсіздігіміздің іргесінің беріктігінің ғана емес, ата-бабалар аманатына деген адалдық пен құрметтің белгісі. Қазақ хандығының жүздеген бөлінуін Шәкәрім Құдайбердіұлы 18 ғасырдың 20-шы жылдарынан бастайды. Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі «Ақтабан шұбырынды» жылдары қазақтар үшке бөлінген. Ұлы жүзде Болат ханның ұлы Әбу Мұхаммед, яғни Әбілмәмбет, орта жүзде Болаттың ұлы Сәмеке, кіші жүзде Жәнібектің Үсектен тарайтын немересі Әбілқайыр хан болды. Мемлекеттілік тарихында қазақ хандығының негізін салып, алғаш хан болған Керейдің ұрпақтарынан тек Бұрындық ғана хан болды. Оның хандығы кезінде қазақ хандығы астанасы Сарайшық қаласы болып, өзінің гүлдену кезін бастаған кешті. Бұрындық болса өмірінің соңында Самарқандта қыздарының қолында бақилық болған.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,
Тарих ғылымдарының докторы

ЕРЛІГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН

Ұлы Отан соғысының ардагері, ғалым, ұстаз Айдаралиев Ғабдрахман Әшімбайұлы 1925 жылы 15 ақпанда Орал облысы, Орда ауданында дүниеге келген. Жасынан әке-анасымен еңбекке ерте араласып, ерте есейген.

«Отан от басынан басталады» демекші, жанұясында балапандарына үлгі бола білген қыран әке – Әшімбай қарт азамат соғысына белсене қатынасқанның бірі. Сол бір Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында бір ғана Айдаралиевтер әулетінен алты азамат майданға аттанған. Соның кенжесі Ғабдрахман Әшімбайұлы болатын. Ол 1942 жылы 17 жасқа қараған бозбала шағында өзінің туған Отанын жаудан қорғау үшін майданға өз еркімен сұранып кеткен. «Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» сол сұрапыл соғыста өзінің майдандастарымен бірге жан аямай елін, жерін қорғады. Сонау бір шақтағы аңызбен ұштасқан ерлік әрекет, отты жылдардағы барша жауынгерлердің бойына тән асыл қасиет еді. Ол соғыс кезінде I, II-ші Беларусь майданында, артиллерия барлаушыларының бақылау пункінде бөлімше командирі болып жауапты қызмет атқарды.

Сол бір сұрапыл соғыстан елге аман оралған уақытында Ғабдрахман ағай фашистік озбырлық күшке төтеп берген кеңес жауынгерлерінің ерлігінің бір көрінісі ретінде сындарлы сағаттардағы ерекше есінде қалған ерлік іс-әрекеттер туралы айтуды да ұмытпады. Соның бірі – шегініп бара жатқан фашистермен шайқаста Ғабдрахман ағамыз басқарған бөлімше жаудың қоршауында қалады. Ажалмен бетпе-бет келген сол бір сын сағаттарда қарша бораған жау оғына да қарамастан, әр барлаушы арыстандай арпалысып, өздерінен бірнеше есе басым жаудың күшіне төтеп берген. Бірақ өмір мен өлім айқасқан осы кескілескен ұрыста өзі ауыр жараланса да қасындағы жауынгерлерге жанына батқан жараны білдіртпей ұстамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсете білді. Өзінің Отанын сұм фашистерден қорғауда ол үлкен ерліктер көрсеткен. Ержүрек жастың өжеттілігі мен қайсарлығын Отанымыз жоғары бағалап Ғабдрахман Әшімбайұлының өңіріне «Қызыл жұлдыз»

орденін тақты. Майдандағы көрсеткен ерлігі мен «Жауынгерлік ерліктері үшін» медалдармен, «Әскери қызметі», «Үздік барлаушы», «Үздік зеңбірекші» белгілерімен де марапатталған. Осылайша төрт жылға созылған кескілескен ұрыс та аяқталып, еліміз жеңіс күніне де жетіп, майдангер ағамыз аман-есен елге оралды. Туған жерге келісімен еліміздің экономикасын қайта қалпына келтіруде аянбай еңбек етіп тер төкті.

Ғабдрахман Әшімбайұлы 1950-1952 жылдары Батыс Қазақстан облысының А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, 1952-1962 жылдары Орал, Гурьев (қазіргі Атырау) облыстарында мектеп инспекторы, мұғалім қызметтерін атқарған. 1962 жылдан облыстық оқу бөлімінде инспектор, 1964 жылдан Гурьев педагогикалық институтының аға оқытушысы болды. 1982-1993 жылдарда психология кафедрасының доценті, 2000 жылдан бастап академиялық профессоры атағын алды. Ол студенттерге психология ғылымының әртүрлі салаларынан дәріс, керек кезінде психологиялық кеңес те беріп отырды.

Ғ.Әшімбайұлының заман талабына сай «Профориентационная работа: теория и практика», «Нарық және әлеуметтік психологиялық мәселелер», «Нарық психологиясының жалпы мәселелері», «Әлеуметтік психологиялық мақалалар жинағы», «Основы рыночной психологии» сияқты көптеген ғылыми еңбектері жарық көрді.

Профессор Ғ.Ә. Айдаралиев «ҚСРО халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан білім беру ісінің үздігі», бүкілодақтық «Білім» қоғамының «Белсенді қызметі үшін» белгілерімен, ҚСРО Министрлер Кеңесінің, БЛКЖО Орталық Комитетінің, Қазақ КСР оқу ағарту Министрлігінің, Гурьев ҚКП обкомының, Құрмет грамоталарымен марапатталумен қатар Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері атанды.



Ғабдрахман Әшімбайұлы өзінің алған білімі мен іс-тәжірибесін өзгеге үлгі ете жүріп, республикалық дәрежедегі лектор атағын иеленіп, өзінің бар білімін студент жастардың бойларына сіңіре білді. 80-жылдары облыстық шебер лекторлар дайындайтын халық университетінің ректоры қызметін атқара жүріп, өзінің бай тәжірибесімен жас мамандарды дайындауға үлкен үлес қоса білді.

Жан-жары Танзила апаймен екеуі іргелі шаңырақ көтеріп, жарастықтарымен өзгелерге үлгі бола жүріп, өмірге алтындай 1 ұл, 1 қыз әкеліп өсіріп, тәрбиеледі. Қос қария олардан немере-шөбере сүйіп, қызығына кенелді.

Бүгіндері қадірлі ұстазымыз арамызда болмаса да оның кейінгі жастарға берген өсиеті, білімі мен іс-тәжірибесі, өнегесі ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жалғаса бермек.

Шұғаева Гүлшат ҚОҢЫРАТҚЫЗЫ, Психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты



«АЙНАЛАЙЫНДАРЫМ МЕНІҢ» - ЕҢ ҮЗДІК ШЫҒАРМА

Тәрбие басы – талбесік. Халқымыз қашанда тәрбиені басты назарға қойып, ұлды – әкеге, қызды – шешеге жақын тартқан. Жастайынан үлкенге – құрметпен, кішіге – ізетпен қарауды үйреткен. Баланы ұлттық салт-сана, дәстүр, мәдениет, ұлағатты сөздер, ырым мен тиым арқылы тәрбиелей білген бабаларымыз обал мен сауаптың, қанағат пен рахымның ара жігін түсіндіре білген. Қанша заман өтсе де әрбір ата-ананың негізгі міндеті елін, жерін, Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу болып жалғаса береді.

Егемендіке жету жолында халқымыз небір қиын-қыстау аласапыран заманды бастан өткерді. «Ақтабан шұбырындыдан» қанды Желтоқсан оқиғаларының арасында біршама үлкен қиындықтар болып жерімізден, қандастарымыздан, тәуелсіздігіміз бен ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден айрылып мәңгірттенуге айналған заманда тәлім-тәрбие мәселесі, ата-баба аманаты жайындағы мәселелер ұмыт бола бастады. Алайда тектілігінен айрылмаған қазақ халқы өз болмысын сақтап қалды. Бұл сонау дағдарыс жылдарында елді бірлікке, татулыққа шақыра білген көшбасшы аға-әпкелеріміз бен озық ойлы азамат-азаматшаларымыздың арқасы екенін айтпай кету мүмкін емес. Осы жолдағы игі жақсыларды тәрбиелеп, дұрыс бағыт сілтей білген дана аналарымыздың орны өте ерекше. Бұл жалғанда анадан

асыл адам бар ма? Жарық дүниеге шыр етіп келген күннен бастап ақ сүтімен, әлдімен әлпештеп өсіретін, қанша жаста болсаң да мейірім шапағатын аямайтын, осы үшін «мен ұрпақтарыма жақсылық жасадым, өсірдім, өндірдім» деп баласы үшін жасағанын пұлдамайтын жан-жақының, өмірдегі қамқоршың



әрі өмірдегі ең қымбатты жан – Анаң емес пе?

Дана халқымыз «Ана бір қолымен бесікті тербесе, екінші қолымен әлемді тербейді» деп текке айтпаса керек. Дегенмен, жәй ғана ана емес, бүкіл жұртшылықтың, халықтың

анасына айналған асыл аналар да аз емес. Соның бірі ел қалаулысы атанған тұлғамыз Иманғали Тасмағамбетовтың анасы Ділдә Матайқызы.

Ділдә Матайқызының тағылымды мәні жоғары туындысы «Айналайындарым менің» кітабының ұлттық тәрбиедегі алар орны ерекше. Бүкіл жұртшылық жүрегіне жол таба білген бұл шығарманы бүгінде әр ұлт жанашырларының кітап сөрелерінен көре аламыз. Ой-толғаныстарының басы қазақ халқының бастан кешкен ауыр тағдырымен ұштасып жатқандықтан бұл кітаптың тарихи танымдық маңызы да өте басым.

Қазіргі қоғамда расымен көңіл бөлуі керек мәселелер біршама. Оларды атап, түрін түстеп жатудың да қажеті жоқ. Осынау кезде бұлардың басын біріктіретін – тәрбие мәселесі екені сөзсіз. Мұны Ділдә анамыздың да анық түсініп, көңілге түйгенін байқай аламыз. Осындай ұлт мүддесі үшін қызымет еткен Ділдә Матайқызының қолынан туған бұл туынды әлі талай келешек ұрпақ үшін өзектілігін жоғалтпайды. Еліміздің болашағы халықтың рухани байлығына тікелей байланысты болғандықтан бұл қозғалған мәселе біздің ұрпақ тәрбиелеудегі бірқатар өзгерістер мен жаңа зерттеулерді талап етеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде өркениетті қоғамға ілес алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, қазіргі

таңдағы еліміздің әлемде дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге тығыз байланысты.

Ғұлама жазушы М.О.Әуезовтің «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін білім», – деп атап көрсеткеніндей білімді елдің жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді.

Бар қазақтың баласына жүрегінің жылы мейірімін сеуіп, көзі тірісінде баршаны жақсылыққа ғана жақындастыра білген Ділдә Матайқызының «Айналайындарым менің» шығармасы қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдеп-ғұрпын, құндылықтарын әлемге таныту жолында үлкен орын алады.

Тілге жеңіл, оқуға түсінікті бұл кітапты қосымша оқу орындарындағы оқу бағдарламасына да енгізу арқылы өскелең ұрпақты өз құндылықтарын сүйіп, оны қастерлеуге баули алатын едік. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» дегендей, расымен бала тәрбиесіне ертеден көңіл бөліп, олардың санасын рухани құнды шығармалар мен көркем әдебиеттер арқылы дамытатын болсақ елім, жерім деген патриоттар қатары да көбейетіні сөзсіз.

Мархаббат ОРАЗОВА,
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университеті
филология мамандығының
2 курс студенті

«Қашықтан оқыту» үрдісіне сай

ЖАТАҚХАНАДАҒЫЛАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА

Жұқпалы індеттен сақтану шараларының алғышарты ретінде еліміздің білім беру жүйесінде қашықтан оқыту өз деңгейінде бірқалыпты жұмысын жүргізіп келеді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті де осы жүйені жолға қойып, білім берушілер мен білім алушылардың жұмысын оңтайландыру жолын қолға алды. Әсіресе, алыс арақашықтықта, өзге өңірлерде тұратын студенттер уақытша жатақханада қалдырылып, қашықтықтан оқу жүйесімен білім алу процесін жалғастыруда. Жатақханадағы wi-fi жүйесі бағытында арнайы жасақталған компьютерлік кабинет студенттердің кедергісіз білім алуына толық мүмкіншілік жасауда. Уақытша енгізілген еліміздегі төтенше жағдайларға орай, карантин жариялануына байланысты университет ұжымы студенттерді онлайн оқыту бағытында күнделікті дәріс жүргізумен қатар, университет басшылығы жатақханада тұрып жатқан білім алушы жастарды күнделікті керек-жарақ, азық-түлікпен де қамтамасыз етуді қолға алған.

Бұл орайда университетіміздің басшылық аппаратының өкілдері жатақханадағы студенттермен Zoom бағдарламасымен тұрақты түрде байланысқа шығып, қашықтан оқытудан бос кездерінде студенттердің әрбірінің жағдайларын біліп, өзара ой-пікірлерімен бөлісті. Байланыс барысында студенттердің дер кезінде барлық дерек көздерімен ақпараттандырылып отырғандығын, сондай-ақ университет ұжымына деген шексіз ризашылықтарын да байқадық. Бұл біздер үшін маңыздылығы жоғары ақпарат. Университетіміздегі жаңа заман талабына сай біліммен сусындап жатқан әрбір студент ертеңгі еліміздің болашағына өздерінің үлестерін қосып жатса бұл да осы жоғарғы оқу орны үшін үлкен абырой.

Осынау сындарлы сәтте азғана қиындықты жеңіп шығу үшін жұмылған жұдырықтай біріккен университетіміздің ұжымы қашанда еліміздің тыныштығы мен амандығын тілейді.

Өз тілшіміз

ЖАСТАРҒА АРНАП КЕТКЕН БАР БІЛІМІН

24 сәуір аса көрнекті мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, үлкен ғалым профессор Халел Досмұхамедұлының туған күні. Ғалымның елімізге сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Ол Қазақстан мен Түркістандағы оқу-ағарту денсаулық сақтау салаларында терең білімімен өзіндік болмыс бітімі бөлек саналған ас білгір әрі іскер ұйымдастырушы да бола білді.

Халел ағамыз дәрігер мамандығын жетік біліп шыға тұра, анатомия, ботаника, тіл, әдебиет, тарих, табиғаттану, физиология, зоология ғылымдырын да түгел қамтып, бұл бағытта көптеген кітаптар мен мақалалар жазған. Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге қоса латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сөйлеп, жаза білген Х. Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған.

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы сәуірде соңғы күндерінде Атырау облысы, Қызылқоға ауданының киелі Тайсойған құмында дүниеге келген, Досмұхамедов отбасындағы он баланың жетіншісі болған. Тайсойған құмының Сорқуыс атты мекенінде айналасына мәлім «Машақ» ауылы деген қоныс бар. Ал, Машақ би-Досмұхамедтің әкесі, Халелдің атасы, сол себепті кейбір құжатта Халекен Машақов болып та жүреді. Машақ әулеті кіші жүздегі Он екі ата Байұлының Беріш тармағынан оның ішінде Жайық Берішінен тараған. Жайық-Беріштің шартарапқа кең танылып, аты шыққан – атақты Алдар би оның немересі Исатай-Махамбеттердің тілеулес серігі – Байнақ би. Сол Алдар бидің

шөбересі Байнақ бидің ұлы Машақтың бел баласы. Халел ағамыздың ата қонысы – Тайсойғанның Сорқуысындағы Жәйім шағылында бүгіндері жерлестері орнатқан үлкен тас, ескерткіш белгіге «Халелдің ставкасы» деген жазу жазылған. Бұл мекенге Халел сол студент кезінде арнайы төрт бөлмелі үй салғызып, өзі каникулға кейіннен демалысқа келген кездерінде осы үйде ауру-сырқауларды қабылдап, елдің үлкен кішісінің бәрін медициналық тексерістен өткізіп отырған. Барша қазақ халқының денсаулығына алаңдап амандығын ойлаған бұқара халықтың жанашыры бола білген.

Еліміздегі іргелі жоғарғы оқы орнының бірі саналатын біздің университетіміз бүгіндері Халел Досмұхамедов есімімен аталады. Оның өзі қазіргі таңда университетте жастарды жаңа заман талабына сай оқытып, біліммен сусындатқан барша профессор-оқытушылармен осы жоғарғы оқу орнында білім алып жатқан сан мыңдаған студент жастар үшін зор мақтаныш. Ал биылғы жылы құрылғанына 70 жыл толғалы отырған өңіріміздегі іргелі оқу орнынан бұл жылдар аралығында білім алған білікті мамандар еліміздің түпкір-түпкірінде ел экономикасының өсіп өркендеуіне өздерінің өлшеусіз үлестерін қосуда.

Фархад БАЛҒОЖИЕВ

Ж. Нәжімеденовтің туғанына – 85 жыл

ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

ҚР Мемлекеттік Әнұранының авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері, ұлт жанашыры Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденов бүгіндері арада болса биыл мерейлі 85 жасқа толар еді. Жарты ғасырға жуық өмір сүрсе де, ғұмырында өлшеусіз мол мұралар қалдырып, поэзия әлемінде шолпан жұлдыздай жарқырап өзіндік қолтаңбасын жаңғыртып кетті.

Ақындық пен жазушылық әлемі ешбір күшпен өлшенбейтін, табиғи талант, ізденіс жолымен келетін асыл қасиет. Бұралаңы көп өмір жолында ел үшін еңбек етіп, артына өшпестей із қалдырған ерекше жандар арада қанша жылдар өтсе де ұмытылмақ емес. Біртуар қайталанбас тұлға атанған Жүмекен ағамыздың шығармашылық тарихының алғашқы жемісі 1961 жылы жарық көрген «Егіс» лирикалық жыр жинағы болды. Әділетсіздікке еш мойымай, жалынды жырларымен қазақ әдебиетінің поэзиясына барша ұрпаққа үлгі болар өлшеусіз із қалдырған біртуар ақынның өмір сүрген жылдарында он өлеңдер жинағы мен үш романы басылып шыққан.

Сонымен қатар, қоғам қайраткері өзге ұлт ойшылдарының шығармаларын аударуда да білімділігімен таныла білген. Жастайынан әдебиет әлеміне еркін қанат ақынның жыр жинақтары көзі ашық, көкірегі ояу жандардың жүректеріне мейірім шуағын төгіп тебіренері анық.

Елім деп елжіреп, ұлтым деп алға ұмтылған, мемлекеттік маңызы бар ұлттық нышандарымыздың бірегейі – Әнұранның сөзін жазған халқымыздың біртуар азаматы біздің жерлесіміз болғаны – бәріміз үшін зор мақтаншыл.

«Көл орнаттық көшіріп төбені біз,
Көл жағалай малшы жұрт – береді уыз.

Көңілі сол уыздай адал, әппақ,
Әппаққа кір-қоң да үйір деп едіңіз –

Сондай ел – қазақ елі дегеніңіз» – деп жырлаған Жүмекен Нәжімеденовтің есімі тарих қойнауында алтын әріптермен жазулы.

«Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы ?!

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» ұлы ақындарымыз жырлағандай Жүмекеннің шығармашылығы – мәңгілік ұлт мұрасы болып қала бермек.

А.Мутиева

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖАҢА ҚАДАМ

Биыл Елбасымыздың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласының шыққанына үш жыл толып отыр. Бұл тұрғыда, көздеген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуіміздің кепілі - сан тарапты бір арнада тоғыстыру, яғни ол рухани кешенді қалыптастыру. Осы ретте еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен экономикалық хал-ахуалын жоғарылатуда ұлттық сана мен рухани даму жүйесін қатар жүргізу керектігі аса мән беруді қажет етеді.

Жаңғыру жолында нақты жоспарды алға қойған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті түрлі әлеуметтік, қоғамдық, ғылыми маңызы бар жобаларды жалғастырып келеді. Оған дәлел ретінде, білім мен ғылым жолының бағдаршамы – «Жүз жаңа оқулық» жобасы, сондай ақ, ұлы Абайдың 175 жылдығы мен ғұлама әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы, профессор С. Қазыбаевтың 105 жылдығына арналған мәдени-танымдық шаралар ұйымдастырылды. Алғаш рет республикалық әдеби «Махамбет» журналының алғашқы саны жарыққа шықты.

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту барысында университетіміз бен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Атамекен» Атырау облысы бойынша аумақтық бөлімі және «KazNII» бау-бақша шаруашылығы ЖШС арасында жеміс-жидек өсіруді қолға алу бағытындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Спортты жан-жақты дамытып, өскелең ұрпақты осы бағытқа тәрбиелеуде де үлкен жетістіктерге жеттік. Ал, жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Ректор кубогының спорттық спартакиадасы да ұйымдастырылды. Оған қоса биылғы жылы аталып өтетін университетіміздің 70 жылдық мерейтойы қарсаңына орай ұйымдастырылған ҚР арнайы волейболдан



спорт біріншілігі аяқталды.

Қазіргі жаңа қоғамға сай сананы ояту мен рухани ортаны қалыптастыруда бірқатар жұмыстар қолға алынды. «Білімдінің күні жарық» дегендей жастардың алаңсыз білім алуы үшін оқу орны жаңа технологиялармен үздіксіз қамтамасыз етіліп, студенттермен тығыз қатынас құралы – жалпы отырыстар өткізілді. «Бұлақ көрсен көзін аш» дейді біздің дана халқымыз. Демек, 2020 жылға арналған ғылыми-зерттеу жобаларын университетішілік қаржыландыру жұмыстарының отырысы да соның айқын дәлелі. Ең маңыздысы еліміздің ертеңін бірге қалыптастырып, санамызды өріс тетіп, тұлғалық дамуымыз, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Ақжарқын Тарихқызы

Университетке 70 жыл

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ҰЛАҒАТТЫ ҰЯСЫ

1980 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің (сол кездегі Гурьев педагогикалық институты) «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасында алғашқы еңбек жолымды бастадым. Қазірде 2010 жылдан бастап «География, туризм және су ресурстары» кафедрасында еңбек етіп келемін.

Біздің «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасында білім беру саласында өзіндік айырықша қолтаңбаларын қалдырып, кейінгі жас оқытушыларға үлгі бола білген ұстаздарымыздың ерекше қасиеттерін әлі күнге ұмытқан емеспіз. Әлі есімде, Абай атындағы КазПИ-тын бітіріп келіп, осы жоғарғы оқу орнында ең алғаш еңбекке араласқан уақыттары өздерінің ақыл кеңестерімен, іс-тәжірибелерін үйретуде ұлағатты ұстаздар, кафедра меңгерушілері С.Қазыбаев, Қ.Шаукенов, Р.Қабулов, Т.Ерғалиев ағайындардың атқарған еңбегі өте зор болды. Мен үшін осындай ұстаздарымның барлығы да өз мамандықтарын жетік меңгерген дара санаткерлер еді. Сондықтан өзім осындай білікті, ақыл парасаттары өзгеге үлгі болар ұстаздармен әріптес болғанымды әрдайым мақтан етемін.

Әсіресе Сабыр Қазыбаев ағамызды «адам жанының инженері» деп айтсам артық болмас. Өйткені,

ағамыз кафедра мүшелерінің барлық жағдайын біліп, зерттеп керек кезінде ақыл-кеңесін беріп отыратын еді. Тіпті кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге болатын ерекше қасиеттері де жетерлік. Соның бірі «өзімнің білгенім өзгелерге керек-ау» деген ниетпен көптеген еңбектер жазып, жас оқытушыларға білмегенін үйретіп, әрдайым практикалық көмек беріп отыратын.

Осындай қадірлі ұстазымның бірі Қабулов Рахат ағай география пәнінен сабақ берді. Сол жылдары есімде қалғаны ол кісінің бойындағы мәдениеттілігі мен ұқыптылығын көріп өзіміз тәнті болатынбыз. Бүгіндері жақсы ұстаздың адами қасиеттерін бойымызға дарытып, қажет кезде студенттерге де өнеге тұтып үйретіп келеміз. Тағы бір ерекшелігі ағайымыздың дәріс сабақтарын студенттермен тығыз байланыстыра өткізу шеберлігі ерекше болатын. Ал, кафедрадағы үлгі болар жұмыстары, ұстамдылығы мен табандылығы, өзгені қалай құрметтеу керектігін тұнып тұрған тәрбиенің көзі іспетті.

Айталық, Рахат ағайымыздың кафедра меңгерушісі бола тұра даусын көтере сөйлегенін немесе бір адамға суық жүз көрсетіп, қабақ шытқанын ол ағайымызбен еңбектес болған жылдарда ешқашан көрмеппіз. Бұның өзі ұстаз бойындағы ерекше

асыл қасиеттің бірі еді. Дегенмен, қажет кезінде жұмысты қатаң талап етіп, жас мамандардың тезірек үйреніп кетуіне ерекше көңіл бөліп қана қоймай, оны өзі бас болып қадағалап отыратын. Жас ұстаздарды біліктілік бағытта тәрбиелеуде тәлімгерлік жүйеде сабақтарымызға қатысып, өтілген сабақты талдап, ақыл-кеңесін беруден еш жалыққан емес. Қажет кезде өзінің өмірден алған мол тәжірибесін де жас мамандармен бөлісіп, ауызша не жазбаша болсын бар білгенін айттып отыратын. Осындай ұлағатты ұстаздың сабақтарыма кіріп талдау жасағаны есімнен әлі күнге кетпейді. Оны күнделікті студенттермен сабақ өткізу барысында өз тәжірибемде пайдаланып жүремін. Кейде ағаймен әріптес болғасын бір-біріміздің сабағымызға жиі қатысып, пікір алысып, тәжірибе алмасатынбыз.

Қадірлі ұстаздарымның тағы бірі Ерғалиев Тілепқазы ағайымыз. Кейін біз де есейіп, өзіміз тәжірибе жинаған шақта кафедра меңгерушісі болды. Бұл ұстазымыздың жастарды болашаққа бағыттауы ерекше философиялық маңызы бар дана сөздері әлі күнге жадымызда. Ағайымыз жастарға «Артта қалғың келсе, кері жүрмей-ақ бір орнында тұра берсең де жеткілікті»-деп үнемі айттып жүретін. Сол

жылдары еңбек еткен «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының әрбір оқытушысының бойына осындай ұлы ұстаздардың қайталанбас қасиеттері дарыған. Себебі, біз аудиторияға бір-екі сағат дәріс өткізу үшін ғана емес, сол бір жылдары тәлімі мен тәрбиесі мол ұстаздарымыздың сабақты өткізуге, оны жаңаша түрлендіруге үйреткен тәжірибесінен үлгі алып, бар күш жігерімізді жұмсап, саналы, білімді жас ұрпақ тәрбиелеу үшін жұмсап келеміз. Бұл да дәстүрлі жұмыстың игілікті жемістері.

Қазір өзім де тәжірибелі педагог болғандықтан жақсылық атаулының барлығын бойымызға сіңірген ұстаз ағаларымызды әрдайым мақтан тұтып айтып отырамыз. Себебі, сол кездің өзінде осындай дара тұлғалы ұстаздарымыз шәкірттеріне сабақ түсіндіріп босқа уақыт алмайтын. Қайта білімге құштар жастардың ізденуіне бағыт беріп, оларды шабыттандырып отыратын.

Баймұқашева Ғайни
ҚОНЫСБАЙҚЫЗЫ,
Педагогика ғылымдарының
кандидаты,
География, туризм
және су ресурстары
кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В НАУЧНЫХ ПРОЕКТАХ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

Одной из основных задач вуза является организация и проведение фундаментальных и прикладных научных исследований, направленных на решение научных и прикладных проблем.

В 2017 году ученые Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова приняли участие в конкурсе грантового финансирования Министерства образования Республики Казахстан на 2018–2020 гг. По итогам конкурса три проекта прошли научную экспертизу и были одобрены для получения финансирования.

Одним из них является проект по приоритетному направлению «Рациональное использование природных, в том числе водных ресурсов, геология, переработка, новые материалы и технологии, безопасные изделия и конструкции» на тему «Фундаментальные закономерности реологических свойств нанокпозиционных полимерных материалов».

Целью проекта является создание расширенного марочного ассортимента функциональных полимерных материалов на основе полисульфона путем их модифицирования функционализированными наночастицами.

Новизна проекта заключается в создании нового поколения нанокпозиционных материалов на основе полимеров этого производства. Проведение фундаментальных реологических исследований этих материалов позволит не только дать оценку этих материалов, но и обосновать технологию получения и раскрыть новые области их применения. Тем самым должна быть существенно повышена ценность выпускаемых материалов вследствие перехода от чисто сырьевого производства к выпуску материалов с улучшенными, заданными и специальными свойствами, а также первичных полуфабрикатов для дальнейшего использования этих материалов при создании целевых изделий.

В исследовательскую группу проекта входят 7 человек, из них 4 ученых из Института нефтехимического синтеза имени А.В.Топчиева (ИНХС) РАН (РФ): 2 доктора наук, 2 кандидата наук, аспирант, магистр и магистрант.

С ИНХС университет сотрудничает с 2003 года. В 2003–2005 годах в лаборатории реологии полимеров я выполняла работу по теме своей докторской диссер-



Профессор кафедры «Химия и химическая технология» Шамбилова Г.К. с сотрудниками ИНХС им. А.В.Топчиева РАН и РХТУ им. Д. Менделеева, Симпозиум по реологии, Тверь, 2018

тации. Участвовала в исследованиях по Программе приоритетного направления «Структура, физико-химические и реологические свойства полимеров, нанокпозитивов на их основе и полимерных адгезивов» (научный руководитель чл.-корр. РАН В.Г.Куличихин), фундаментальным научным исследованиям РАН НИОКР.

По результатам исследований проекта ГФ МОН РК нами были получены гибкие пленки сепараторов на основе полисульфона с распределенной в нем солью лития. Впервые была получена катодная паста со связующим на основе полисульфона. Исследована реология растворов полисульфона, полисульфона с пластификатором и паст на основе кобальтата лития и полисульфона в органическом растворителе. Определены основные закономерности между составом и морфологией компонентов определяющие реологию паст и растворов.

Исследования морфологии и элементного состава композитных материалов на основе полисульфона как дисперсионной среды и терморасширенного углерода и сложного оксида лития кобальта как дисперсионной фазы методом растровой электронной микроскопии проводи-

лись на растровом электронном микроскопе FEI Scios совместно с учеными Федерального научно-исследовательского центра «Кристаллография и фотоника» РАН.

По итогам проведенных работ были опубликованы статьи «Реология наполненной дисперсии сложного оксида кобальта и лития в полисульфоне» и «Микро-реологический подход исследования растворов полимеров» в материалах Симпозиума по реологии, проходившем в сентябре 2018 года в г. Тверь.

Далее были исследованы пленки полисульфона с пластификатором и различными наполнителями, а именно, исследована тройная система «полисульфон-N-метилпирролодон-пропиленкарбонат». Опубликована статья «Rheology of Polysulfone and Its Solutions» в рецензируемом научном журнале «Polymer Science», индексируемом в базах данных Web of Science, Scopus с ненулевым импакт-фактором, статья «Polysulfone as a material for advanced electrical batteries» в журнале «Вестник КарГУ» и статья «Реология полисульфона и его растворов» в материалах Юбилейной конференции ИНХС РАН (март 2019 г., г. Москва).

Ожидается, что конечным ре-

зультатом исследований будет получение партии разработанных материалов, их апробация при изготовлении конкретных изделий, передача образцов полимерных композитов реальным потребителям, оценка существующих рынков сбыта полученных материалов.

Использование научно-технической продукции будет осуществляться путем: создания научно обоснованных предпосылок для расширения марочного ассортимента выпускаемой продукции. Это позволит расширить рынки потребления и обеспечить определенный технический прогресс в смежных областях техники и у потребителей выпускаемой продукции. Соответственно, следует ожидать роста прибыли производства полимерных материалов в Казахстане.

Результаты научной деятельности будут распространены среди потенциальных пользователей, сообщества ученых и широкой общественности путем публикации материалов научных исследований в периодической печати и в форме докладов и выступлений на престижных международных конференциях.

**Научный
руководитель проекта,
д.х.н.,
профессор Шамбилова Г.К.**

Ғылым күніне орай

ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҚ - ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

12 сәуір ҚР ғылым күніне орай университетімізде 9-16 сәуір аралығында онлайн форматта ғылыми апталық өтті.

Апталықтың алғашқы кіріспесі «Экономика және құқық» факультеті Ғылым күніне орай ұйымдастырған «Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық және құқықтық қалыптасуы мен дамуындағы тұңғыш Елбасы - Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегі» тақырыбында қамтылды. Конференцияның мақсаты - ғылым жолындағы тәжірибе алмасу мен жобалық жұмыстарды дамыту болатын. Аталмыш шара аясында студенттердің арасында ашық пікір сайысы тартысты өтті.

Осы тұрғыда, «Инновациялық білім беру» факультетінің бастамасымен «Ғылымға жету жолдары» тақырыбында өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияға онлайн түрде профессор-оқытушылар

дету жұмыстарын жүргізуге жүйелі ұсыныстарын білдірді. Аталған ұсыныстар негізінде туризм мамандығының дәрежесін көтеру, білім деңгейін арттыру, тәжірибелік тұрғыда байыту мақсатқа жетудің жолдарын айқындады.

Сонымен қатар, «Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің Қазақстан Республикасының Ғылым қызметкерлері күні мерекесіне орай әрі биылғы жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған «Ғылым таппай мақтанба» атты ғылыми-танымдық онлайн конференциясы мен «Бағдарламалық инженерия» кафедрасының бастамасымен «Ұзақ мерзімді қашықтықтан оқыту жағдайындағы оқу процесінің дидактикалық аспектілері» атты халықаралық форум өтті. Форум халықаралық пәнаралық платформа мәртебесіне ие



мен магистранттар, студенттер белсенді қатысты. Конференцияның алғашқы бөлімі пленаралық мәжілістен басталып, қызу ой-пікір алаңына ұласты. Магистранттар мен студенттер өздерінің ұсыныстарын ашық түрде білдіріп, ғылым саласына жасаған алғашқы қадамдарын үздіксіз дамытатындықтарын айтты.

Сондай ақ, «Көптілді білім беру» факультетінің «Шетел тілін оқыту әдістемесі» кафедрасының ұйымдастыруымен жоспарлы факультетшілік «Жастар - Тіл - Мәдениет» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференцияның өзектілігі - тілдік мәдениеттің құндылығын арттырып, студенттерге тек теориялық түрде емес, тәжірибелік дамуына жол ашу, білімді ұрпақ қалыптастыру. Яғни, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үздік нәтижеге қол жеткізу қоғамның дамуына тікелей байланысты.

Жаңашыл идеяның көшін бастаған «Ақтаңгер» ақындар клубының және «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің ұйымдастыруымен келелі сұхбат Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ақберен Елгезекпен болды. Ақын сұхбат барысында жас қаламгерлерге өзінің шығармашылығы туралы сыр шертіп, көкейдегі сауалдарға нақты жауаптар берді. Бүгінгі таңда поэзия әлемінде салиқалы ой толғап, қоғамды толғантқан тақырыптарға қалам тартып жүрген ақын жастарға ұлтымыздың құндылықтары туралы әңгімелеп, адамгершілік, патриоттық тәрбие жөнінде ойларын бөлісті.

«Жаратылыстану және ауыл шаруашылық ғылымдар» факультетінің кезекті жобасы - география ғылымдарының докторы, профессор, саяхатшы Орденбек Мазбаевпен онлайн-конференция ашық сұхбат түрінде болып өтті. Сұхбат барысында географ-ғалым жүріп өткен саяхаттарымен таныстырып, еліміздегі ішкі туризмнің дамуын жедел-

болды, онда ұзақ мерзімді қашықтықтан оқытуға байланысты өзекті сұрақтар, мәселелер және шешу жолдары үш ғылыми бағыт - педагогика, психология және ақпараттық технологиялар бойынша шақырылған ғалымдардың ұсыныстары негізінде талқыланды.

Ғылыми дамуды арттыру негізінде Science Safe ғылыми орталығында «Жыртқыш журналдар, ғылымдағы алаяқтықтың жаңа көрінісі. Джеффри Билл Тізімі. Журналды жыртқыш-журнал мәртебесіне қалай тексеруге болады» тақырыпта ғылыми онлайн-семинар өткізілді. Университеттің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, PhD докторы Батрышев Дидар Ғалымұлы негізгі спикер ретінде сөз сөйледі. Бұл кездесуде ғалымның мақалаларды жариялау кезінде ғылыми алаяқтықтың құрбаны болудың алдын-алу шаралары нақтыланды. Әр түрлі университеттің ғалым- профессорларымен өткізілген онлайн ғылыми кеңестің маңызы зор болды.

Ғылыми апталық аясында Х. Табылдиев атындағы Атырау облысының тарихы, археология және этнографиясы ғылыми орталығы ашылды. Бұл мәдени орынның ашылуы да ғылым саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған қайраткердің еңбегінің көрінісі. Демек, ғылым саласына деген құрмет елеусіз қалмайды.

Қоғамның дамуына ғылыми ізденістер мен ашылулар зор ықпал етеді. Даму бағытын көздеген жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін студенттердің ғылыми конференциясы жаңашыл ұсыныстар мен идеяны толықтыруда құндылығы жоғары. Болашақ ғалымдарға бағыт көрсету, жобалық жұмыстарды жарыққа шығару - ғылым жолын дамытудағы алғашқы қадам. Еліміздің дамуына үлес қосатын ғылыми жетістіктеріміз көбейіп, әрдайым биіктерден көрінейік.


Баспасөз қызметі

ҰЛЫЛЫҚ БАСТАУЫ

Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «педагогика кафедрасының лабораториясының ұйымдастыруымен Х. Досмұхамедовтың туғанына 137 жыл толуына арналған «Ғұламаға құрмет- Ұлылыққа тағзым» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн семинар өтті.

Семинарды модератор п.ғ.д. профессор Ш.И. Жанұзақова жүргізді. Спикер ретінде алғашқылардың бірі болып сөз алған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Халелтану» зертханасының меңгерушісі п.ғ.к. қауымдастырылған профессор Ғ.Б. Базарғалиев «Ұлы мұрат жолында» атты өзінің ғылыми баяндамасында ғұламаның өмір өткелдеріне жан-жақты тоқталып, Халелдің білім мен ғылым саласындағы орнының ерекшелігін атап көрсетті. Бұл онлайн семинардың өтуі университетіміздің профессор - оқытушылар құрамы үшін зор мақтаныш. Сонымен қатар конференцияға Қазақстанның басқа да қалаларындағы ЖОО-ның профессор-оқытушылары да атсалысты. Олардың барлығы Х. Досмұхамедовтың өмірі мен ілімін, оның кейінгі жас ұрпаққа қалдырған бай рухани мұрасын жан-жақты талқылап, ғылыми баяндамаларында өздерінің көзқарастарын білдірді. Онлайн семинардың өту барысында бір байқағанымыз ғалым Х. Досмұхамедовтың мұраларының әлі де көптеген зерттеуді қажет ететініне көз жеткіздік. Сондықтан болашақта жас ғалымдар бұл онлайн-семинарда айтылған ғұлама ғалым туралы ғылыми тұжырымдамаларды одан әрі зерттеп қана қоймай, оны көпшілікке танытуда жаңа ізденістерге жол ашылады деген сенімдеміз.

Сағынгерей АЙМУРАТОВ,
Философия ғылымдарының кандидаты



САБАҚ БЕРУДІҢ ЖАҢАША ӘДІСІ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Ізгілік Ахметов.

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында студенттерді қашықтан оқыту бағытында жан-жақты жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл орайда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті де студенттермен өзара тығыз байланыс орнатқан. Дегенмен, бұл қашықтықтан оқытудың студенттер үшін тиімділігі қандай? Көкейде жүрген осы сауалға университетіміздің дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Ізгілік Жоламанұлымен, арнайы сұхбат ұйымдастырған болатынбыз.

–Ізгілік Жоламанұлы, дене тәрбиесі сабағын қашықтықтан өткізу барысы қалай жүзеге асырылып жатыр. Осы бағытта айтып өтсеңіз?

–«Спорт-денсаулық кепілі» оның жастар үшін деген берер пайдасы зор. «Шынықсаң шымыр боласың» деп бекерге айтылмаған ғой. –Біз қазіргі таңда қашықтықтан оқыту арқылы бұл жұмысты екі бағытта жүргізіп отырмыз.

Біріншісі– теориялық дәріс беру бағыты. Ол үшін барлық студенттерге арнайы конференция парақшасын аштық. Сол конференция бойынша оларға күнделікті өткізіліп отырған сабақтың (реферат) тақырыбын жібердік. Орындалған тапсырма бойынша студенттерді де күнделікті бағалап отырамыз. Бұған қосымша студенттерге сұрақ-жауап ұйымдастырамыз. Мысалы: спорттың тарихына байланысты сұрақтар қойып, студенттердің ой-өрісін жан-жақты дамытуды да қолға алдық.

Екінші –видео түсірімдер арқылы сабақ өткізу әдісін қолданудамыз. Түсірілімде көрсетілген жаттығуларды студенттердің өз үйлерінде қайталауын жіті қадағалаймыз. Осы жерде айта кететін бір жай, жастардың да әлеуметтік мүмкіншілігін де ескеріп отырған жөн. Мысалы, көп қатарлы пәтерде тұратындар мен жеке үйде тұратын студенттерге екі түрлі сабақ жүргізуді қолға алдық. Қазір барлық студенттер өз үйлерінде олар күнделікті спортпен шұғылданбаған соң бұрынғы университеттің спорт залында, немесе спорт алаңдарда үйренгендерін де күн санап ұмыта бастайды. Осыдан барып оларға толықсып кету қаупі төніп тұр. Сондықтан біз онлайн жаттығу сабағын күнделікті өткізу барысында, сондай-ақ оны орындап отырған студенттерді онлайн тапсырмалары арқылы бақылап, жіті қадағалаймыз. Бұл оларға жауапкершілікті сезінумен қатар күнделікті спорттан қол үзбеуге үлкен көмек екенін айта кеткен жөн.

–Дене тәрбиесі мамандығында қашықтықтан оқып отырған студенттерге реферат жазу үшін қандай тақырып бердіңіздер?

–Әрине, бұл орынды сұрақ. Алайда бүгінгі таңда бәріміз де уақытша онлайндық режимге көшкендіктен көпшілік тапсырма спорттың тарихына байланысты беріледі. Мысалы қанша олимпиада ойындары өтті? Немесе қазақтан шыққан олимпиада ойындарының жеңімпаздары кімдер? Басқа да жеке спорт түрлерінің тарихы туралы дегендей. Сонымен қоса студенттерге адам гигиенасы мен жұқпалы ауруларға байланысты тақырыптар да берілуде. Әсіресе, біздің жергілікті жердің климатының зиянды жағының көп болуынан соңғы кездері жиі кездесетін буын аурулары мен тыныс алу қабілетін жақсартып, арттыруға байланысты сұрақтарды да назарымыздан тыс қалдырған емеспіз.

–Айталық, сабақ қызықты өту үшін студенттерге тағы да қандай сабақ өткізу әдістерін қолданып келесіздер?

–Бұл арада менің айтарым, мысалы біздің кафедрада Гүлбаршын Карпековадай білікті оқытушымыз бар. Сонау 90–шы жылдарда Атырауда әйгілі баскетболшы болған бұл әріптесіміз бүгіндері баскетбол ойынының элементтерін жастарға үйретуден әсте жалыққан емес. Ал, тағы бір әріптесіміз Руслан Абдуғалиев жастарға турникке тартылу әдісін үйретсе, Саламат Лұқпанов гир көтеруді үйретуді қолға алған. Ал әріптесіміздің бірі Ғанимат Ақсеріков қазақтың ұлттық ойыны болып саналатын «Хан талапайды» үйретудің нағыз шебері. Осы жерде айта кететін жай, бұл ойын бүгінгі таңда көпшілік студенттердің қызығушылығын туғызуда. Дегенмен, спорт сүйер жастар үшін спорттың қай саласын меңгеремін десе де біздің университетімізде бүгінгі таңда барлық жағдай жасалынғанын айта кеткен жөн. Ең бастысы, оған жастарды көбірек тарта білуіміз керек. Мысалы футбол, самбо, таеквондо сынды спорт түрлері бойынша да студенттерге қосымша жаттығу өткізіліп келеді. Мұның бәрі онлайн оқыту әдістемесі бойынша жүргізіліп отырған дәрістер. Бір айта кетері студенттер қашықтықтан оқыту әдісінің арқасында бұрын-соңды қолы жетпеген мүмкіншілікке ие болып отыр.

–Ізгілік Жоламанұлы! Бүгін спорт саласында Сіздің кафедрадағы онлайн бағытында өткізіліп отырған спорттық сабақтың өту барысынан хабардар болдық. Дегенмен, бұл уақытша кезең аяқталған соң студенттерді қайтадан сабаққа жинау сіздерге қиын болмайды ма? Ол жөнінде не айтар едіңіз?

–Бұл арада студенттердің күндізгі бөлімге оқуы мен сабаққа деген ынта жігері бұрынғыдан да арта түскендей. Себебі, қазір студенттер денешынықтыру сабағының мәнін, әсіресе күнделікті спортқа баулудың аса қажет екенін жақсы түсінген сыңайлы. Қазірде студенттердің сабақ оқуға деген ынтасы бұрынғыдан да жоғары екені байқалуда. Қашықтықтан оқыту бағытында олардың әрбірі оқытушыларға түрлі сұрақтар қойып, арадағы қарым-қатынасы бұрынғыдан да нығайтқанын айта кеткен жөн. Бұл қуантарлық жағдай. Сондықтан ендігі жерде күндізгі оқу жағдайына ауысқан студенттеріміз дене тәрбиесі сабағына бұрынғыдан да саналы түрде белсенділікпен қатысатын болады деп ойлаймын.

Сұқбатыңызға рахмет!

Фархат БАЛҒОЖИЕВ



Гүлбаршын Карпекова, аға оқытушы



Руслан Абдуғалиев, магистр



Саламат Лұқпанов, магистр



Ғанимат Ақсеріков, магистр

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Ф.Балғожиев – Редактор
П.Тулин – дизайнер–бет құрушы

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай
Н.Жаңбырбай
Электрондық пошта–media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 6 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #... Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана